«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы

# Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қаржылық есептілік және тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

2025 жылғы 31 желтоқсан

**Мазмұны**

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

**Қаржылық есептілік**

Қаржылық жағдай жөніндегі есеп ........ 1
Жиынтық кіріс жөніндегі есеп ........ 2
Ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есеп ........ 3
Капиталдағы өзгерістер жөніндегі есеп ........ 4

Қаржылық есептілікке ескертпе

1 Компания туралы ақпарат және қызметтің негізгі бағыттары ........ 5
2 Компания өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта ........ 5
3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат ........ 6
4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар ........ 16
5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарды қолдану ........ 21
6 Жаңа есептік ережелер ........ 22
7 Негізгі құралдар ........ 23
8 Барлау және бағалау бойынша активтер ........ 25
9 Қаржы активтері ........ 25
10 Берілген авансатар ........ 27
11 Салық бойынша алдын ала төлем және өтелетін ҚҚС ........ 27
12 Тауарлық-материалдық қорлар ........ 28
13 Капитал ........ 28
14 Тарихи міндеттемелер ........ 28
15 Резервтер ........ 29
16 Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төлеуге берілетін рента салығы ........ 30
17 Сауда және басқа кредиторлық берешек ........ 30
18 Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім ........ 31
19 Сатудың өзіндік құны ........ 32
20 Өткізу бойынша шығыстар ........ 32
21 Жалпы және әкімшілік шығыстар ........ 32
22 Табыс салығы ........ 33
23 Байланысты тараптармен мәмілелер ........ 34
24 Қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаттары мен саясаты ........ 35
25 Қаржы құралдары ........ 38
26 Шарттық және шартты активтер мен міндеттемелер ........ 38

# Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Ембімұнайгаз» АҚ Акционеріне, Директорлар Кеңесіне және Басшылығына

## Біздің пікір

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі - «Компания») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы Компанияның қаржылық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

### Аудит мәні

Біз Компанияның келесілерді қамтитын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы жиынтық кіріс жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы жеке капиталдағы өзгерістер жөніндегі есеп; және
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертпелер.

## Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті бойынша жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.

Біздің аудиторлық дәлелдер пікір білдіруіміз үшін негіз болуға жеткілікті әрі тиісті деп есептейміз.

### Тәуелсіздік

Біз Қазақстан Республикасындағы біздің қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын Аудиторлық қызмет туралы заңның әдеп талаптарына және жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) сәйкес Компанияға тәуелсіз болып табыламыз. Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасының әдеп талаптарына және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

## Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен дұрыс ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларда қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.

## Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте және біздің пікіріміз берілген аудиторлық есеп шығарылымында алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділікке ие болу. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділікті білдіреді, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;

- біз басшылықтың есеп жүргізу үшін үздіксіз қызмет негізін қолдануының орындығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің ұсынылуына, тұтастай алғанда оның құрылымы мен мазмұнына, оның ішінде ақпараттың ашылуына, сондай-ақ қаржылық есептілік оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды дұрыс ұсынуды қамтамасыз етуге бағалау жүргіземіз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС атынан

PricewaterhouseCoopers LLP

| Бекітілген: | Қол қойылған: |
|---|---|
| Азамат Конратбаев<br>«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС<br>Басқарушы директоры<br>(Қазақстан Республикасы Қаржы<br>Министрлігінің 1999 жылғы 21 қазандағы<br>№ 0000005 Бас мемлекеттік лицензиясы) | Алмаз Садыков<br>Аудитор-орындаушы<br>(2019 жылғы 8 ақпандағы № МФ-0000745<br>Аудитордың біліктілігі куәлігі) |

2026 жылғы 23 ақпан
Астана, Қазақстан

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| **Айналымнан тыс активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 7 | 260,314,408 | 235,731,107 |
| Барлау және бағалау бойынша активтер | 6 | 143,219 | 2,711,275 |
| Материалдық емес активтер | | 1,515,992 | 587,895 |
| Басқа да қаржы активтері | 9 | 54,503,234 | 56,325,814 |
| Кейінге қалдырылған салық активтері | | 10,993,536 | 8,127,697 |
| Айналымнан тыс активтер үшін төленген аванстар | 10 | 8,507,608 | 1,596,970 |
| **Айналымнан тыс активтер жиыны** | | **335,977,997** | **305,080,758** |
| **Айналымдағы активтер** | | | |
| Тауарлық-материалдық қорлар | 12 | 15,579,707 | 14,358,205 |
| Корпоративтік пайда салығы бойынша алдын ала төлем | | 2,730,617 | 1,101,952 |
| Салықтар бойынша алдын ала төлем және өтелетін ҚҚС | 11 | 5,142,687 | 10,202,562 |
| Төленген аванстар және болашақ кезеңдердің шығыстары | 10 | 6,317,562 | 4,449,262 |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек | 9 | 38,589,791 | 45,641,052 |
| Басқа да айналымдағы қаржы активтері | | 1,000,000 | 1,132,091 |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 9 | 48,069,991 | 51,957,178 |
| **Айналымдағы активтер жиыны** | | **117,430,355** | **128,842,302** |
| **АКТИВТЕР ЖИЫНЫ** | | **453,408,352** | **433,923,060** |
| **КАПИТАЛ** | | | |
| Жарғылық капитал | 13 | 162,399,820 | 162,399,820 |
| Бөлінбеген пайда | | 192,805,816 | 181,045,092 |
| **КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | | **355,205,636** | **343,444,912** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Тарихи міндеттемелер | 14 | 3,793,266 | 5,165,924 |
| Резервтер | 15 | 39,619,451 | 41,936,302 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны** | | **43,412,717** | **47,102,226** |
| **Ағымдағы міндеттемелер** | | | |
| Тарихи міндеттемелер | 14 | 2,055,920 | 1,769,920 |
| Резервтер | 15 | 2,009,548 | 2,073,058 |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төленуге жататын ренталық салық | 16 | 18,549,833 | 12,856,074 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 17 | 32,174,698 | 26,676,870 |
| **Ағымдағы міндеттемелер жиыны** | | **54,789,999** | **43,375,922** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ** | | **98,202,716** | **90,478,148** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН КАПИТАЛ ЖИЫНЫ** | | **453,408,352** | **433,923,060** |

2026 жылғы 23 ақпанда Компания басшылығы атынан шығару үшін бекітілген және қол қойған:

Р.Н.Тасмагамбетова
Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Н.Ж. Махамбетов
Бас бухгалтер

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|---|
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім | 18 | 410,540,844 | 430,694,618 |
| Сатудың өзіндік құны | 19 | (230,121,516) | (219,511,743) |
| **Жалпы пайда** | | **180,419,328** | **211,182,875** |
| Өткізу шығыстары | 20 | (117,911,753) | (128,283,006) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 21 | (13,692,542) | (12,812,169) |
| Геологиялық барлау шығыстары және құрғақ ұңғымаларды есептен шығару | | (4,652,271) | (175,269) |
| Өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздануын қалпына келтіруден түскен кіріс | | - | 695,663 |
| **Операциялық пайда** | | **44,162,762** | **70,608,094** |
| Қаржылық кіріс | | 5,573,878 | 3,629,715 |
| Қаржылық шығындар | | (5,149,801) | (5,250,472) |
| Бағамдық айырма, нетто | | (5,735,057) | 14,294,181 |
| Басқа да кірістер | | 2,179,955 | 2,162,316 |
| Басқа да шығыстар | | (1,899,149) | (1,155,654) |
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | | **39,132,588** | **84,288,180** |
| Пайда салығы бойынша шығыстар | 22 | (9,051,637) | (16,895,759) |
| **БІР ЖЫЛҒЫ ПАЙДА** | | **30,080,951** | **67,392,421** |
| **Басқа да жиынтық кіріс** | | | |
| *Келесі кезеңдерде пайданың құрамына қайта сыныптауға жатпайтын басқа да жиынтық зиян сомалары (салықтарды шегере отырып)* | | | |
| Белгіленген төлемдері бар зейнетақы бағдарламалары бойынша қайта бағалаудан болған кіріс | 15 | 1,687,431 | 624,554 |
| **Келесі кезеңдерде пайданың немесе зиянның құрамына қайта сыныптауға жататын басқа да жиынтық кіріс** | | **1,687,431** | **624,554** |
| **Бір жылғы жиынтық кірістің жиыны** | | **31,768,382** | **68,016,975** |

2026 жылғы 23 ақпанда Компания басшылығы атынан шығару үшін бекітілген және қол қойған:

Р.Н.Тасмагамбетова
Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Н.Ж. Махамбетов
Бас бухгалтер

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2026 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызмет** | | | |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | | **39,132,588** | 84,288,180 |
| **Салық салынғанға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған түзетулер** | | | |
| Амортизация және құнсыздану | 7,8 | 40,462,253 | 30,046,549 |
| Негізгі құралдардың және барлау активтерінің шығуынан болатын залал | | 720,411 | 675,306 |
| Бағамдық айырмадан іске асырылмаған кіріс, нетто | | 5,735,057 | (14,294,083) |
| Резервтердегі өзгеріс | | – | (3,411,573) |
| ККЗ және төленген аванстардың құнсыздануы бойынша шығыстарды қалпына келтіру | 21 | 162,282 | (104,352) |
| Қаржылық шығындар | | 5,149,801 | 5,250,472 |
| Қаржылық кіріс | | (5,573,878) | (3,629,715) |
| Басқа да ақшалай емес шығындар | | 654,586 | – |
| **Айналым капиталындағы өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түсетін ақша қаражаттарының қозғалысы:** | | **86,443,100** | **98,820,784** |
| **Айналым капиталына түзетулер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс | | (1,226,862) | (256,946) |
| Салықтар бойынша алдын ала төлемдегі өзгеріс | | 5,059,880 | 810,187 |
| Төленген аванстар мен келешек кезеңдердің шығыстарындағы өзгеріс | | (8,778,942) | 2,559,271 |
| Сауда дебиторлық берешектегі өзгеріс | | 6,440,911 | 6,550,395 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі өзгерістер | | 8,244,048 | (1,069,746) |
| Басқа да айналымдағы қаржы активтеріндегі өзгеріс | | 120,772 | 527,636 |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың және төленуге жататын рентальқ салықтың өзгеруі | | 5,693,759 | (6,433,927) |
| Тарихи міндеттемелерді төлеу | 15 | (1,373,504) | – |
| **Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты:** | | **100,623,162** | **101,486,500** |
| Алынған сыйақы | | 4,330,758 | 3,550,021 |
| Төленген табыс салығы | | (13,546,141) | (17,485,076) |
| **Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза ағымдары** | | **91,407,779** | **87,551,445** |
| **Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| Басқа қаржы активтерін сатып алу | | (40,176,042) | (8,215,502) |
| Басқа қаржы активтерін сату | | 40,192,740 | 5,083,411 |
| Негізгі құралдар мен барлау активтерін сатып алу | | (71,220,554) | (47,303,361) |
| Материалдық емес активтерді сатып алу | | (684,160) | (101,438) |
| Ұзақ мерзімді депозиттерді орналастыру | | (756,206) | (2,390,113) |
| Ұзақ мерзімді депозиттерді алу | | 747,023 | 2,219,636 |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(71,897,199)** | **(48,707,368)** |
| **Қаржы қызметі бойынша ақша қаражатының қозғалысы** | | | |
| Бас компанияға төленген дивидендтер | 13 | (20,007,658) | (10,003,829) |
| Тарихи міндеттемелерді төлеу | 15 | – | (2,494,787) |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(20,007,658)** | **(12,498,616)** |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі** | | **(497,078)** | **26,345,461** |
| 1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары | | 51,957,179 | 21,746,518 |
| Бағамдық айырма, нетто | | (3,390,110) | 3,865,199 |
| **31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары** | 8 | **48,069,991** | **51,957,178** |

2026 жылғы 23 ақпанда Компания басшылығы атынан шығару үшін бекітілген және қол қойған:

Р.Н. Тасмагамбетова
Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Н.Ж. Махамбетов
Бас бухгалтер

"Ембімұнайгаз" АҚ

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | Акционерлік капитал | Бөлінбеген пайда | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| 2024 ж. 1 қаңтарына | | 162,399,820 | 123,031,946 | 285,431,766 |
| Бір жылғы пайда | | – | 67,392,421 | 67,392,421 |
| Басқа да жиынтық кіріс | 15 | – | 624,554 | 624,554 |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | | **–** | **68,016,975** | **68,016,975** |
| Дивидендтер | 13 | – | (10,003,829) | (10,003,829) |
| **2024 ж. 31 желтоқсанға** | | **162,399,820** | **181,045,092** | **343,444,912** |
| Бір жылғы пайда | | – | 30,080,951 | 30,080,951 |
| Басқа да жиынтық кіріс | 15 | – | 1,687,431 | 1,687,431 |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | | **–** | **31,768,382** | **31,768,382** |
| Дивидендтер | 13 | – | (20,007,658) | (20,007,658) |
| **2025 ж. 31 желтоқсанға** | | **162,399,820** | **192,805,816** | **355,205,636** |

2026 жылғы 23 ақпанда Компания басшылығы атынан шығару үшін бекітілген және қол қойған:

Р.Н. Тасмағамбетова
Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Н.Ж. Махамбетов
Бас бухгалтер

## 1 Компания туралы ақпарат және қызметтің негізгі бағыттары

«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасында 2012 жылғы 27 ақпанда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ») Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен құрылды.

Компания көмірсутекті шикізатты барлаумен, әзірлеумен, өндірумен, қайта өңдеумен және экспортымен айналысады. Компанияның мұнай-газ қызметі Батыс Қазақстанның Атырау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде жүзеге асырылады. Компания мұнай кен-орындарын әзірлеуді жер қойнауын пайдалану жөніндегі келесі келісімшарттар бойынша жүзеге асырады: № 37 келісімшарты (Кенбай кен орны), № 61 келісімшарты (Юго-Восточное Новобогатинское кен орны), № 211 келісімшарты (23 кен орны), № 413 келісімшарты (15 кен орны); № 327 келісімшарты (Тайсоған блогы бойынша кен орны); № 4955 келісімшарты (Новобогатинское Западное кен орны); № 3577 келісімшарты (Каратон-Сарықамыс кен орны); № 4906 келісімшарты (Новобогат Юго-восточный кен орны (карниз үсті)). 2015 жылғы 25 ақпанда «Ембімұнайгаз» АҚ мен Энергетика министрлігі арасында келесі келісімшарттарды ұзарту үшін қосымша келісімдерге қол қойылды: 2041 жылға дейін № 37 келісімшарт, 2048 жылға дейін № 61 келісімшарт, 2037 жылға дейін № 211 келісімшарт, 2043 жылға дейін № 413 келісімшарт.

2025 жылғы желтоқсанда Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орнынан (карнизүсті) мұнай өндіру кезеңін ұзарту туралы №4906 келісімшартқа 19 ақпан 2051 жылға дейін толықтыру жасалды.

2025 жылдың қазан айында Қаратон-Сарқамыс кен орнын Батыс Қарасор кен орнынан өндіруге ауыстыру туралы № 3577 келісімшартқа толықтыру жасалды.

Компанияның жалғыз акционері болып «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚМГ ҰК» немесе «Аналық Компания») саналады. 7 тамыз 2015 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 9.58% және ҚМГ ҰК акциясының бір үлесін «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ-нан сатып алды. 8 желтоқсан 2022 жылдан бастап ҚМГ ҰК акциясының 3.00% Astana International Exchange (далее – AIX) және KASE қорының биржасында еркін қозғалыста жүр. 22 желтоқсан 2023 жылы ҚМГ ҰК-ның «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ-на тиесілі акциясының 20.00% Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің пайдасына берілді. Қазақстан Республикасының Үкіметі «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ-ның жалғыз акционері болып саналады.

Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған осы қаржылық есептілігі 2026 жылғы 23 ақпанда экономика және қаржы жөніндегі бас директордың орынбасары мен бас бухгалтер тарапынан шығаруға бекітілді.

## 2 Компания өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта

***Операциялық орта***

2022 жылғы 24 ақпанда Ресей Украинаны әскери тұрғыдан басып кіре бастады. АҚШ, Еуропалық одақ және басқа да бірқатар мемлекеттер Ресей банктеріне Swift жүйесін пайдалануға тыйым салуды қоса алғанда, Ресейге қарсы кең ауқымды санкциялар енгізді. Ағымдағы саяси жағдайдың ұзақ мерзімді салдарын және оның экономикалық жағдайға әсерін болжау қиын және басшылықтың ағымдағы болжамдары мен бағалаулары нақты нәтижелерден ерекшеленуі мүмкін. Ресей Қазақстанның ірі сауда серіктесі болып табылады. Қазақстан сондай-ақ мұнай экспортының 80% дейін тасымалданатын Каспий құбыр консорциумына (КТК) едәуір дәрежеде тәуелді. КТК реттеушілік және қауіпсіздік мәселелеріне байланысты кейбір іркілістерді бастан кешірді, алайда Қазақстанның Ресей және Батыспен қарым-қатынастарды шебер басқаруын ескере отырып, ККК арқылы экспорттағы ірі көлемдегі іркілістердің тәуекелі төмен болып саналады.

2025 жылғы шілдеде Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстан эмитентінің шетел валютасы бойынша ұзақ мерзімді дефолт рейтингін (IDR) тұрақты болжаммен «BBB» деңгейінде растады. Fitch-тің пікірінше, Қазақстанның «BBB» рейтингін мемлекеттің ірі таза шетелдік активтері (SNFA), шетел валютасының резервтері, төмен мемлекеттік борыш, алтын бағасының өсуі және Теңіз мұнай кен орнының күтілетін өндіріс көлемінен тыс көңекі қолдайды. Алайда бұл факторларға шикізат экспортына жоғары тәуелділік, нашар макроэкономикалық саясат және институционалдық басқару, сондай-ақ жоғары инфляция әсер етеді.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамушы нарықтың сипаттамаларын көрсетуді жалғастыруда Бұл сипаттамаларға елден тыс еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және нарықтардағы борыштық және үлестік бағалы қағаздар өтімділігінің төмен деңгейі жатады, бірақ олармен шектелмейді. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасындағы тау-кен өндіру секторы бұрынғысынша саяси, заңнамалық, фискалдық және реттеуші өзгерістердің ықпалына ұшырайды. Қазақстан Республикасындағы болашақ экономикалық тұрақтылықтың перспективалары көбінесе Үкімет қабылдайтын экономикалық шаралардың тиімділігіне, сондай-ақ Компанияның бақылауынан тыс құқықтық және саяси дамуға байланысты.

## 2 Компания өз қызметін жүзеге асыратын экономикалық орта (жалғасы)

2025 жыл ішінде инфляция салыстырмалы түрде тұрақты деңгейде қалып, 2025 жылғы желтоқсанда 12,3%-ға дейін өсті (2024 жылғы желтоқсанда – 8,6%). Экономикалық өсім 2025 жылы 6,4% құрады (2024 жылы – 3,8%). Талдаушылардың бағалауынша, 2026 жылы жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) өсу қарқыны 6,2% деңгейінде сақталады деп күтілуде.

Экономикалық орта Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына елеулі ықпал етеді. Компания басшылығы қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында тиісті шараларды қабылдауда. Алайда, ағымдағы экономикалық жағдайдың болашақтағы ықтимал салдарын дәл болжау мүмкін емес, осыған байланысты басшылықтың ағымдағы болжамдары мен бағалаулары нақты нәтижелерден өзгеше болуы мүмкін.

## 3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат

*Қаржылық есептілікті дайындау негізі*

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес, бастапқы құн бойынша есепке алу қағидаттарының негізінде дайындалған, әділ құн бойынша бастапқы танылатын қаржылық құралдарды қоспағанда. Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде қолданылған есеп саясаты туралы маңызды ақпарат төменде келтірілген. Егер өзгеше көрсетілмесе, аталған қағидаттар есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге бірізді түрде қолданылды.

ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті дайындау бірқатар маңызды бухгалтерлік бағалауларды пайдалануды талап етеді. Сонымен қатар, Компанияның есеп саясатын қолдану барысында басшылықтың кәсіби пайымдауларына сүйену қажет. Бағалау деңгейі жоғары немесе күрделі болып табылатын бухгалтерлік есеп салалары, сондай-ақ қаржылық есептілік үшін маңызды болып саналатын болжамдар мен бағалаулар қолданылатын салалар 4-ескертпеде көрсетілген.

***Шетел валюталарын қайта есептеу***

Қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен («теңге») көрсетілген. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы есепке қосылады.

*Валюта айырбастау бағамдары*

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан теңгесінің АҚШ долларына қатысты ресми бағамы тиісінше 505,53 және 523,54 теңгені құрады. Сомалардың теңгеге, АҚШ долларына немесе өзге де тұрақты валютаға кез келген қайта есептеулері теңгемен мұндай сомалар айырбасталды, келешекте көрсетілген айырбастау бағамдары бойынша немесе өзге де айырбастау бағамдары бойынша тұрақты валютаға айырбасталуы мүмкін немесе айырбасталады деген пайымдау ретінде талқыланбауы тиіс.

***Қызметтің үздіксіздігі қағидаты***

Компания қызметінің үздіксіздігі туралы жорамалға сүйене отырып, өзінің қаржылық есептілігін дайындады.

***Негізгі құралдар***

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны, тозуды және құнсыздануды шегергендегі бастапқы құны бойынша көрсетіледі.
Активтердің бастапқы құнына сатып алу немесе құрылыс құны, активті пайдалануға дайын күйге келтіруге тікелей қатысты барлық шығындар, сондай-ақ қажет болған жағдайда активті жоюға байланысты шығындардың бастапқы бағалануы кіреді. Сатып алу немесе құрылыс құны активті сатып алу үшін төленген жалпы соманы және ұсынылған кез келген өтемақының әділ құнын қамтиды.

Мұнай-газ активтері дәлелденген және игеріліп жатқан қорлар бойынша өндірістік әдісті қолдана отырып амортизацияланады. Пайдалы қызмет ету мерзімі кен орындарының қалдық пайдалану мерзімінен қысқа болатын кейбір мұнай-газ активтері пайдалы қызмет ету мерзімі 4 жылдан 15 жылға дейінгі кезең ішінде түзу сызықты әдіспен амортизацияланады.

## 3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Өзге негізгі құралдар, негізінен, ғимараттар, машиналар мен жабдықтардан тұрады және олардың орташа пайдалы қызмет ету мерзімі 5 жылдан 25 жылға дейінгі кезең ішінде түзу сызықты әдіспен амортизацияланады.

Негізгі құралдардың болжамды пайдалы қызмет ету мерзімі жыл сайын қайта қаралады және қажет болған жағдайда, қызмет ету мерзімдеріндегі өзгерістер кейінгі есептік кезеңдерде түзетіледі.

Негізгі құралдардың баланстық құны қандай да бір оқиғалар немесе жағдайлардың өзгеруі олардың баланстық құнының өтелмейтіндігін көрсететін кезде құнсыздану белгілерінің бар-жоғына қайта қаралады.

Негізгі құралдар объектілері, оның ішінде коммерциялық көлемде көмірсутектер өндіруді тоқтатқан және жою жоспарланған өндіруші ұңғымалар, актив есептен шығарылған кезде немесе активті пайдаланудан болашақ экономикалық пайдалар алынбайды деп күтілген жағдайда, актив ретінде танылуын тоқтатады. Активті тануды тоқтатудан туындайтын кез келген пайда немесе залал (таза сатудан түскен түсімдер мен объектінің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелетін) осындай оқиға орын алған есептік кезеңнің жиынтық кіріс туралы есебінде танылады.

***Қаржылық емес активтердің құнсыздануы***

Компания активтерді немесе активтер тобын оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздану мәніне бағалайды.

Жекелеген активтер негізінен басқа активтер топтары өндіретін ақша ағындарынан тәуелсіз сәйкестендірілетін ақша ағындары бар ең төменгі деңгейде құнсыздануға бағалау мақсаттары үшін топтастырылады. Егер құнсызданудың мұндай көрсеткіштері болған жағдайда немесе активтердің тобын жыл сайын құнсыздану мәніне тестілеу қажет болатын жағдайда Компания активтің өтелетін құнының бағалауын жүзеге асырады.

Активтер тобының өтелетін құны оларды өткізуге шығатын шығыстарды және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан ең көбі болып табылады. Активтер тобының ағымдағы құны өтелетін құнынан асқан жағдайларда активтер тобы құнсыздануға жатады және өтелетін құнға дейін есептен шығарылады. Пайдалану құнын бағалау кезінде күтілетін ақша ағындары активтер тобы үшін тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағалауды көрсететін салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, оның ағымдағы құнына дейін дисконтталады.

Әрбір есепті күнге бұрын мойындалған құнсыздану бойынша шығындардың жойылғанын немесе олардың азайғанын көрсететін қандай да бір индикаторлардың бар екендігіне қатысты бағалау жүргізілді. Егер мұндай индикаторлар бар болса, онда өтелетін құн бағаланады. Бұрын мойындалған құнсыздану шығыны, тек егер құнсызданудан болған соңғы шығын танылған сәттен бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауларда өзгеріс болса ғана, түзетіледі. Мұндай жағдайда, активтің ағымдағы құны оның өтелетін құнына дейін ұлғаяды. Ұлғайтылған құн, егер алдыңғы кезеңдерде құнсыздану бойынша шығын мойындалмаса, тозуды немесе амортизацияны шегере отырып, айқындалған ағымдағы құнынан аспауы мүмкін емес. Мұндай түзетпе жасау амалы жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

Құнсызданудан болған бұрын танылған залалды сторнировкалау жүргізілгеннен кейін, активтің қайта қаралған баланстық құнын, қалдық құнын шегере отырып, оның қалған пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде жүйелі негізде бөлу мақсатында кейінгі кезеңдердегі амортизациялық шығыстар қайта есептеледі.

***Барлау және бағалау бойынша активтер***

Барлау және бағалау бойынша активтер, құнсызданудан жинақталған зиянды шегере отырып, бастапқы құны бойынша ескеріледі. Барлау және бағалау сатысында жер қойнауын пайдалану құқығына барлауға және бағалауға капиталданған шығындар және барлауға арналған лицензияларды сатып алу шығындары жатады және материалдық емес активтердің құрамында ескеріледі. Барлауға арналған құқықты сатып алу шығындары болжамды барлау мерзімінің ішінде тікжелілік әдіс бойынша амортизацияланады.

Қоғам барлаумен және бағалаумен байланысты активтерді құнсыздану мәніне тексеріп отырады, бұл ретте айғақтар мен жағдаяттар барлаумен және бағалаумен байланысты активтің баланстық құны өтелетін құннан асуы мүмкін екендігін куәландырды.

## 3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

***Материалдық емес активтер***

Материалдық емес активтер, жер қойнауын пайдалану құқығынан басқа, жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып, құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтерге негізінен компьютерлің бағдарламалық жасақтама жатады.

Бизнестен бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда сатып алу құны бойынша бағаланады. Бастапқы құны - бұл жиынтық төленген сома және активті сатып алу үшін берілген кез келген сыйақының әділ құны. Компьютерлік бағдарламалық жасақтаманың пайдалы қызмет ету мерзімі 3 жылдан 7 жылға дейін құрайды және осы кезең ішінде желілік негізде амортизацияланады. Материалдық емес активтердің ағымдағы құны оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер активтің ағымдағы құны өтелмейтіндігін көрсеткен жағдайларда құнсыздануға талданады.

***Қаржы активтері***

*Бастапқы тану және бағалау*

Қаржылық активтер бастапқы тану кезінде кейіннен амортизацияланған құн бойынша, басқа жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құн бойынша немесе пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер ретінде жіктеледі.

Қаржылық активтерді бастапқы тану кезіндегі жіктеу осы қаржылық актив бойынша шартта көзделген ақша ағындарының сипаттамаларына және Компанияның осы активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-моделіне байланысты болады. Маңызды қаржыландыру компоненті жоқ немесе оған қатысты Компания практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Компания қаржылық активтерді бастапқыда әділ құны бойынша, ал пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржылық активтер бойынша мәміле шығындарының сомасына ұлғайта отырып бағалайды. Маңызды қаржыландыру компоненті жоқ немесе оған қатысты Компания практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС (IFRS) сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржылық активті амортизацияланған құн бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша жіктеу және бағалау үшін, осы активтің шарттық талаптары өтелмеген негізгі қарыздың сомасына қатысты «тек негізгі қарыз бен пайыздар бойынша төлемдерден» тұратын ақша ағындарын алуды көздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құрал деңгейінде жүзеге асырылады. Компанияның қаржылық активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-моделі Компанияның қаржылық активтерді ақша ағындарын қалыптастыру мақсатында қалай басқаратынын сипаттайды.

Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алу нәтижесінде, қаржылық активтерді сату нәтижесінде немесе осы екі тәсілдің үйлесімі нәтижесінде қалыптасатынын айқындайды.

Заңнамада белгіленген мерзімде немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелерге сәйкес активтерді жеткізуді талап ететін қаржылық активтерді сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар мәміле жасалған күні, яғни Компания активті сатып алу немесе сату жөніндегі міндеттемені өзіне қабылдаған күні танылады.

*Кейінгі бағалау*

Кейінгі бағалау мақсатында қаржылық активтер төрт санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер;
- Жинақталған пайда мен залалды кейіннен қайта жіктей отырып, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- Ұйымның қалауы бойынша тануды тоқтату кезінде жинақталған пайда мен залалды кейіннен қайта жіктемей, Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелген қаржы активтері (үлестік құралдар).

## 3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

*Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)*

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық активтер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Актив тану, оны өзгерту немесе құнсыздану тоқтатылған жағдайда пайда немесе залал құрамында пайда немесе залал деп танылады. Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы барлық қаржылық активтері амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына жатады.

***Тануды тоқтату***

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте мойындалуын тоқтатады, егер:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының мерзімі аяқталды;
- Компания активтен түсетін ақша ағындарын алу құқықтарын басқа тарапқа берсе немесе «транзиттік» келісімге сәйкес алынатын ақша ағындарын үшінші тарапқа толық көлемде және елеулі кідіріссіз төлеу жөнінде міндеттеме қабылдаса, және (а) Компания активке қатысты тәуекелдер мен пайдалардың іс жүзінде барлығын берсе, не болмаса (б) Компания активке қатысты тәуекелдер мен пайдалардың іс жүзінде барлығын бермегенімен, оларды өзінде де сақтамаған және осы активке бақылауды басқа тарапқа берген жағдайда.

Егер Компания өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Компания активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, ол берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады.

Мұндай жағдайда Компания тиісті міндеттемені мойындайды. Берілген актив және тиісті міндеттеме Компания сақтаған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады. Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Компания талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады

***Қаржы активтерінің құнсыздануы***

Компания әділ құн бойынша пайда немесе залал арқылы бағаланбайтын барлық борыштық құралдар бойынша күтілетін кредиттік залалдарға (ККЗ) бағалау резервін таниды. ККЗ шартқа сәйкес алынуға тиіс ақша ағындары мен Компания алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі және бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оған жуық мәнді қолдана отырып дисконтталады. Күтілетін ақша ағындарына шарт талаптарының ажырамас бөлігі болып табылатын, ұстап отырған қамтамасыз етуді сатудан немесе кредиттік сапаны арттырудың өзге де тетіктерінен түсетін ақша ағындары кіреді.

ККЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танудан бастап кредиттік тәуекел елеулі түрде артпаған қаржылық құралдар бойынша келесі 12 ай ішінде орын алуы мүмкін дефолттар нәтижесінде туындайтын кредиттік шығындарға қатысты бағалау резерві құрылады (12 айлық күтілетін кредиттік залалдар). Бастапқы танудан бастап кредиттік тәуекел елеулі түрде артқан қаржылық құралдар бойынша дефолттың қашан орын алатынына қарамастан, осы қаржылық құралдың қалған қолданылу мерзімі ішінде күтілетін кредиттік залалдарға қатысты бағалау резерві құрылады (бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындар).

Сауда дебиторлық берешегі мен шарттық активтер бойынша Компания ККЗ-ны есептеу кезінде оңайлатылған тәсілді қолданады. Осыған байланысты Компания кредиттік тәуекелдегі өзгерістерді бақыламайды, ал оның орнына әрбір есептік күнге бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік шығындарға тең сомадағы бағалау резервін таниды. Компания бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды, ол өткен кезеңдердегі кредиттік залалдардың туындау тәжірибесіне, қарыз алушыларға тән болжамды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген.

Компания шартта көзделген төлемдер 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген жағдайда қаржылық актив бойынша дефолт орын алды деп есептейді. Алайда жекелеген жағдайларда, ішкі немесе сыртқы ақпарат Компанияда ұстап отырған кредиттік сапаны арттыру тетіктерін есепке алмағанда, шартта көзделген қалған төлемдердің толық сомасын Компанияның алуы екіталай екенін көрсетсе, Компания қаржылық актив бойынша дефолт орын алды деген қорытындыға келуі мүмкін.

## 3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

***Қаржылық міндеттемелер***

*Бастапқы тану және бағалау*

Қаржылық міндеттемелер бастапқы мойындау кезінде тиісінше пайда немесе зиян; кредиттер мен қарыздар, кредиторлық берешек немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде Компанияның қарауына қарай жіктелген туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп (кредиттер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда) әділ құны бойынша танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек жатады.

*Кейінгі бағалау*

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер келесі екі санатқа жіктеледі:

- Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (кредиттер, қарыздар және кредиторлық берешек).

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайда немесе шығын пайда немесе шығын туралы есепте танылады.

Бастапқы тану кезінде Компанияның қарауына қарай пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық міндеттемелер бастапқы тану күніне осы санатқа және тек 9 ҚЕХС-тің (IFRS) критерийлерін сақтай отырып жатқызылады. Компанияның пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын оның қарауы бойынша жіктелген қаржылық міндеттемелері жоқ.

*Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (кредиттер, қарыздар және кредиторлық берешек)*

Бұл санат Компания үшін барынша маңызды болып табылады. Бастапқы мойындалғаннан кейін сауда және басқа да кредиторлық берешек тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен зиян оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып амортизация есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажыратылмас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландырудан болған шығындар құрамына енгізіледі.

Бұл санатқа, ең алдымен, сауда және басқа да кредиторлық берешек жатады.

***Мойындауды тоқтату***

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық кіріс туралы есепте мойындалады.

***Қаржы құралдарының әділ құны***

Олармен сауда әрбір есепті күні белсенді нарықтарда жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны мәміле бойынша шығындар шегерілместен нарықтық баға белгіленімдері немесе дилерлердің баға белгіленімдері (ұзын позициялар үшін сатып алуға арналған баға белгіленімдері және қысқа позицияларды сатуға арналған баға белгіленімдері) негізге алынып анықталады. Олармен сауда белсенді нарықта жүзеге асырылмайтын қаржы құралдары үшін әділ құн тиісті бағалау әдістемелерін қолдану жолымен анықталады.

## 3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Мұндай әдістемелерге таяу арада коммерциялық негізде жасалған мәмілелердің бағаларын пайдалану, сол сияқты құралдардың ағымдағы әділ құнын пайдалану; дисконтталған ақша ағындарын талдау не болмаса басқа да бағалау модельдері кіруі мүмкін.

Әділ құны бойынша қаржылық есептілікте бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құнның төменде сипатталған иерархиясы көздерінің шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері;
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері;
- 3-деңгей - иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржы құралдарының әділ құнын талдау және олардың бағалануы қалайша жасалатындығы туралы егжей-тегжейлі ақпарат 25-ескертпеде келтірілген.

***Тауарлық-материалдық қорлар***

Тауарлық-материалдық қорлар әрбір қойма бойынша ФИФО әдісімен есептелген өзіндік құн мен таза өткізу құнының ең төменгісі бойынша бағаланады. Өзіндік құнға әрбір қор бірлігін оның орналасқан жеріне жеткізуге және ағымдағы күйіне келтіруге тікелей байланысты, қалыпты қызмет барысында жұмсалған барлық шығындар кіреді. Шикі мұнайдың өзіндік құны өндірудің өзіндік құнына тең болып табылады және орташа өндіріс көлемі негізінде есептелетін тозу, сарқылу және амортизация шығыстарының тиісті үлесін, сондай-ақ үстеме шығыстарды қамтиды.

Мұнайдың таза өткізу құны оны өткізуге байланысты шығыстарды шегере отырып айқындалған болжамды өткізу бағасына негізделеді. Материалдар мен қорлар қалыпты қызмет барысында өтелуі күтілетін сомадан аспайтын құн бойынша көрсетіледі.

***Қосылған құн салығы (ҚҚС)***

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС есепке алуға мүмкіндік береді. Өтелуге жататын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатылымдар нөлдік мөлшерлеме бойынша салынады. Дегенмен, ҚҚС-тың есепке алынуына тек салық органдары өтелуге жататын ҚҚС растау үшін жасаған салықтық тексеру нәтижелерінің негізінде ғана жол беріледі.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеусіз болса, өтелуге жататын ұзақ мерзімді ҚҚС тиісті жағдайларда бұл активке тән болатын тәуекелдерді көрсететін тәуекелсіз мөлшерлеменің көмегімен дисконтталады.

Өтелуге жататын ҚҚС-тың баланстық құны өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздану резервінің шотын пайдалана отырып өтелетін сомаға дейін азайтылады. Құнсызданудан болған залал сомасы жиынтық кіріс туралы есепте жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында көрсетіледі.

Егер кейіннен өтелуге жататын ҚҚС сомасының көлемі бюджеттен өтелетін болса, құнсызданудан бұрын танылған залалды өтелуге жататын ҚҚС-тың құнсыздану резервінің шотын пайдалана отырып қалпына келтірген жөн.

***Ақша қаражаты мен оның баламалары***

Қаржылық жағдай туралы есептегі ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерге банктер мен кассадағы ақшалай қаражат және өтеу мерзімі 3 ай немесе одан аз болатын, қысқа мерзімді ақшалай міндеттемелерді орындау мақсатында ұсталатын, белгілі бір ақша қаражатының сомаларына оңай айырбасталатын және құнның өзгеруіне елеусіз тәуекелге ұшырайтын қысқа мерзімді өтімділігі жоғары депозиттер жатады.

## 3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен оның баламалары жоғарыдағы анықтамаға сай ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады, өйткені олар Компанияның ақша қаражатын басқару қызметінің ажырамас бөлігі болып есептеледі.

*Капитал*

Дивидендтері эмитенттің қалауы бойынша төленетін жай акциялар капитал ретінде жіктеледі. Жаңа акцияларды шығаруымен тікелей байланысты үшінші тараптардың қызметтері үшін төленетін шығындар осы эмиссия нәтижесінде алынған капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

*Дивидендтер*

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ қаржылық есептілік шығарылуға бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

***Резервтер***

Егер Компанияның өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдағы міндеттемесі, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады.

Егер Компания резервтердің бір бөлігінің немесе барлықтарының өтемақысын алуды болжап отырса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтемақы тек өтемақыны алуда күмән болмаған жағдайда ғана жекелеген актив ретінде мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы есепте көрсетілген.

Егер ақшаның уақытша құнының ықпалы елеулі болса, резервтер салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады, әрі ол қолданылатын жағдайда нақты міндеттемеге тән болатын тәуекелдерді көрсетеді. Егер дисконттау қолданылатын болса, резервтің ұлғаюы уақыт өткен сайын қаржыландыруға жұмсалған шығыстар ретінде мойындалады.

***Белгіленген төлемдер бойынша міндеттеме***

Компания қызметкерлердің есептелген жалақысынан тиісті зейнетақы қорларына 10% мөлшерінде зейнетақы жарналарын ұстап қалады. Зейнетақы жарналарының ең жоғары мөлшері 2025 жылы айына 425,000 теңгемен шектелген (2024 жыл: айына 425,000 теңге). Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, қызметкерлер өздерінің зейнетақымен қамсыздандырылуына өздері жауапты болып табылады. 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап Компания сондай-ақ қызметкерлерінің басым бөлігінің кірістерінен олардың зейнетақы қорларына 5% мөлшерінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын аударуға міндетті.

*Белгіленген төлемдер бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер*

Компания өз қызметкерлеріне Компания мен оның қызметкерлері арасындағы Ұжымдық шарттарға және өзге де құжаттарға сәйкес зейнетке шыққанға дейінгі және зейнетке шыққаннан кейінгі кезеңдерде ұзақ мерзімді сыйақылар ұсынады. Ұжымдық шарт пен өзге де құжаттар, атап айтқанда, зейнетке шығу, мерзімінен бұрын зейнетке шығу кезінде біржолғы жәрдемақылар төлеуді, еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайында, мерейтойына және қайтыс болуына байланысты қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуді көздейді. Жәрдемақыларды алу құқығы, әдетте, қызметкердің зейнетке шыққанға дейінгі саладағы еңбек өтіліне байланысты болады.

Зейнетке шығу және мерзімінен бұрын зейнетке шығу бойынша біржолғы жәрдемақыларды төлеуге байланысты күтілетін шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі барысында, белгіленген төлемдері бар зейнетақы жоспарларын еңбек қызметі аяқталғаннан кейінгі кезеңге есептеу кезінде қолданылатын әдістеме негізінде жүзеге асырылады. Есептік жыл ішінде туындайтын актуарлық пайдалар мен залалдар, оның ішінде актуарлық болжамдардағы өзгерістердің әсері және актуарлық болжамдар мен нақты деректер арасындағы айырмашылықтарға байланысты өткен тәжірибенің ықпалы, басқа жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі.

## 3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Өзге өзгерістер, оның ішінде ағымдағы қызметтердің құны, өткен кезеңдердегі қызметтердің құны, сондай-ақ кадрлық қысқартулардың немесе жүзеге асырылған есеп айырысулардың әсері ағымдағы кезеңнің пайдасы немесе залалы құрамында танылады. Ағымдағы қызметтердің құны Компанияның есептік кезеңде қызмет көрсетуі нәтижесінде белгіленген төлемдер бойынша міндеттеменің келтірілген құнының ұлғаюын білдіреді. Өткен кезеңдердегі қызметтердің құны белгіленген төлемдер жоспарларына өзгерістер енгізу немесе оларды қысқарту нәтижесінде міндеттеменің келтірілген құнының өзгеруін көрсетеді. Зейнетақы міндеттемелерін есепке алу кезінде қолданылатын ең маңызды болжамдарға дисконттау мөлшерлемесі мен өлім-жітім деңгейінің күтілетін өзгерістері жатады. Дисконттау мөлшерлемесі болашақ міндеттемелердің таза келтірілген құнын айқындау үшін пайдаланылады, ал мұндай міндеттемелер бойынша дисконтты амортизациялау жыл сайын жиынтық кіріс туралы есепте қаржыландыруға жұмсалған шығыстар ретінде көрсетіледі. Өлім-жітім жөніндегі болжам сыйақыларды төлеу бойынша болашақ ақша ағындарын болжау үшін қолданылады, кейіннен олар міндеттемелердің таза келтірілген құнын анықтау мақсатында дисконтталады.

Біржолғы демалыс жәрдемақылардан басқа, жұмыскерлерге сыйақылар жұмыскерлерге басқа сыйақылар ретінде қарастырылады. Осы ұзақ мерзімді сыйақылар бойынша күтіліп отырған шығыстарды есептеу қызметкердің еңбек қызметі ішінде белгіленген төлемдері бар зейнетақылық жоспарларды есептеу кезінде қолданылатын әдіспен жүзеге асырылады.

Мұндай міндеттемелерді жыл сайынғы негізде тәуелсіз білікті актуарийлер бағалайды.

***Мұнай-газ кен орындарын барлау және әзірлеу шығыстары***

*Барлауға арналған лицензияны сатып алу шығындары*

Барлауға арналған лицензияларды сатып алу шығындары материалдық емес активтерге капиталданады және барлаудың болжамды мерзімінің ішінде тікжелілік әдіс бойынша амортизацияланады. Әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын растау мәніне қарастырылады. Егер объекті бойынша болашақта жұмыстар жоспарланбаған жағдайда, лицензияларды сатып алу шығындарының қалған сальдосы есептен шығарылады. Экономикалық негізделген пайдалы қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде амортизация тоқтатылады және қалған шығындар барлау шығындарымен бірігеді және қорлар басқа да материалдық емес активтердің құрамында расталғанға дейін кен орындар бөлігінде дәлелденген активтер ретінде танылады. Әзірлеу ішкі бекітілген және тиісті бақылаушы органдардан барлық лицензиялар мен рұқсаттар алынған сәтке дейін тиісті шығыстар негізгі құралдарға (мұнай-газ активтеріне) ауыстырылады.

*Барлау шығындары*

Геологиялық және геофизикалық шығыстар мұндай шығындар болған сәтте есептен шығарылады. Барлау ұңғымаларына тікелей жататын шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылаудың нәтижелері бағаланбайынша барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталданады. Мұндай шығындар жалақыны, материалдарды, жанармай мен электр энергиясын, бұрғылау станоктарының құны мен мердігерлерге төлемдерді қамтиды. Егер көмірсутектер табылмаса, барлау шығыстары құрып кеткен ұңғыма бойынша шығыстар ретінде есептен шығарылады. Егер коммерциялық әзірленуі жеткілікті болатын басқа да ұңғымаларды (барлау немесе құрылымдық-іздестіру ұңғымалары) қосуы мүмкін бағалауға жататын көмірсутектер табылған жағдайда, мұндай шығыстар актив ретінде өсқерілуін жалғастырады.

Осы сияқты барлық шығындар кемінде жылына бір рет әзірлеуді жалғастыру немесе табылғаннан пайда алудың қандай да бір тәсілі туралы ниетті растау үшін техникалық, коммерциялық және басқару тексеруіне жатады. Егер бұл бұдан былай орын алмаса, шығындар есептен шығарылады.

Мұнай мен газдың қорлары дәлелденгенде және әзірлеуді жалғастыруға шешім қабылданғанда, тиісті шығындар негізгі құралдардың (мұнай-газ активтері) құрамына аударылады.

*Әзірлеуге жұмсалған шығындар*

Платформалар, құбыржолдар және игеру ұңғымаларын бұрғылау сияқты инфрақұрылым объектілерін салуға, орнатуға және аяқтауға жұмсалған шығындар негізгі құралдардың құрамында капиталдандырылады. Коммерциялық тұрғыдан жеткілікті көлемде көмірсутектер анықталмаған игеру немесе оконтурлау ұңғымаларына қатысты шығындар бұған кірмейді және мұндай шығындар құрғақ ұңғымалар ретінде есептік кезеңнің шығыстары құрамында есептен шығарылады.

## 3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

*Кірістерді тану*

Компания шикі мұнайды қысқа мерзімді шарттар бойынша, фрахт, сақтандыру және сапаға жеңілдіктердің құнына түзетілген Platt's жариялаған Brent маркалы мұнайдың орташа бес (жоғары/төмен) баға белгілеулерінің орташа мәні ретінде айқындалатын бағалар бойынша өткізеді. Меншік құқығының ауысуы жүзеге асырылған сәтте және кіріс, әдетте, келісімшартта көзделген шарттарға байланысты шикі мұнай кеменің бортына физикалық түрде тиелген немесе кемеден түсірілген, құбыржолына немесе жеткізудің өзге де тетігіне берілген кезде танылады.

Компанияның шикі мұнайды сатуға арналған келісімшарттарында белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде жеткізілуі тиіс шикі мұнайдың барынша көп көлемі көрсетіледі. Тиелген, бірақ сатып алушыға әлі жеткізілмеген шикі мұнай қаржылық жағдай туралы есепте тауар-материалдық қорлар ретінде ескеріледі.

***Салық салу***

Ағымдағы табыс салығы бойынша шығысқа ағымдағы корпоративтік табыс салығы, үстеме пайдаға салынатын салық және мерзімі ұзартылған салық жатады.

*Табыс салығы*

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төленуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – Компания өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын кірісті алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнамалар.

*Үстеме пайда салығы*

Үстеме пайда салығы (ҮПС) табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. 2009 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Компания жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты ҮПС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлейді. ҮПС-ты қолдануды көздейтін жиынтық жылдық кірістің әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮСП мөлшерлемелері әрбір келісімшартқа қатысты аударымдардың 25% артық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салық салынатын кірістің (корпоративтік табыс салығы мен рұқсат етілген баға белгілеулер есептен шығарылғаннан кейін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

*Халықаралық салық реформасы* - Pillar II *үлгілік* ережелері

1-ескертпеде көрсетілгендей, Компания Самұрық-Қазынаның жанама еншілес ұйымы болып табылады. Самұрық-Қазынаның әртүрлі юрисдикцияларда жұмыс істейтін еншілес ұйымдары бар, оларда Pillar II үлгілік ережелері қабылданған немесе айтарлықтай дәрежеде қабылданған. Алайда, Компания Pillar II үлгілік ережелері әлі енгізілмеген (Қазақстан) юрисдикцияда жұмыс істейтіндіктен, бұл үлгілік ережелер компанияда қолдануға жатпайды.

*Кейінге қалдырылған табыс салығы*

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасында қаржылық есептілік мақсаттары үшін туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша міндеттемелер әдісін пайдалана отырып барлық уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Мерзімі ұзартылған салық бойынша актив тек соған қатысты есептен шығарылатын уақыт айырмалары азайтылуы мүмкін салық салынатын пайданы алудың айтарлықтай ықтималдығы бар дәрежеде ғана танылады. Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер барлық салық салынатын уақыт айырмалары үшін танылады. Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер қолданысқа енгізілген немесе есепті күнге нақты заңдастырылған салық мөлшерлемелерінің негізінде активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылатын салық мөлшерлемелері бойынша есептеледі. Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық активтерін есепке алуға заңды, заңи тұрғыдан жарамды құқықтар болған кезде есепке алынуы мүмкін.

## 3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер барлық салық салынатын уақытша айырмалар бойынша танылады, алайда кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме бизнесті біріктіру болып табылмайтын операция барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындаған және операция жасалған сәтте бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпейтін жағдайлар бұған кірмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері барлық шегерілетін уақытша айырмалар, болашақ кезеңдерге ауыстырылған пайдаланылмаған салықтық жеңілдіктер және пайдаланылмаған салықтық залалдар бойынша, оларды өтеуге мүмкіндік беретін салық салынатын пайданың болуы ықтимал деп бағаланатын дәрежеде танылады. Алайда, шегерілетін уақытша айырмаға қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру болып табылмайтын операция барысында активті немесе міндеттемені бастапқы тану нәтижесінде туындап, операция жасалған сәтте бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалға да әсер етпейтін жағдайлар бұған кірмейді.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есептік күнге қайта қаралады және оларды толық немесе ішінара пайдалануға жеткілікті салық салынатын пайданың алынуы ықтимал емес деп бағаланатын дәрежеде азайтылады. Бұрын танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есептік күнге қайта қаралады және болашақта салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін өтеуге мүмкіндік береді деп бағаланатын дәрежеде танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің өтелімділігін талдау кезінде Компания қаржылық есептіліктің өзге де бөлімдерінде, сондай-ақ басшылықтың есептерінде қолданылатын сол бір болжамдарға сүйенеді. Атап айтқанда, бұл болжамдар климаттың өзгеруімен байланысты құбылыстардың бизнеске ықтимал әсерін, соның ішінде көміртегі шығарындыларын қысқарту жөніндегі шараларды енгізу нәтижесінде өндіріс шығындарының ұлғаюын көрсетеді.

Пайда немесе залал құрамында танылмайтын баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық та пайда немесе залал құрамында танылмайды. Кейінге қалдырылған салық баптары олардың негізінде жатқан операцияларға сәйкес не басқа жиынтық кіріс (БЖК) құрамында, не тікелей меншікті капитал құрамында танылады.

***Жалдау***

Шарттың жасалу сәтінде Компания жалдау келісімі жалдау болып табылатындығын не болмаса белгілерін қамтитындығын бағалайды. Өзгеше айтқанда, Топ шарт сәйкестендірілген активті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде өтемақының орнына пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін айқындайды.

***Компания жалға алушы ретінде***

Компания, қысқа мерзімді жалдауды және төмен құны бар активтерді жалдауды қоспағанда, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді қолданады. Компания жалдау төлемдерінің жасалуына қатысты жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды, олар базалық активтерді пайдалану құқығын білдіреді.

*(i) Пайдалану құқығы нысанындағы активтер*

Компания жалдау басталған күні (яғни базалық актив пайдалануға қолжетімді болған күннен бастап) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді негізгі құралдардың құрамында таниды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жинақталған амортизацияны және жинақталған құнсыздану залалдарын шегере отырып, сондай-ақ жалдау міндеттемелерін қайта бағалауға байланысты түзетулерді ескере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтердің бастапқы құнына танылған жалдау міндеттемелерінің сомасы, бастапқы тікелей шығындар, сондай-ақ жалдау басталған күніне дейін немесе сол күні жүзеге асырылған жалдау төлемдері, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегере отырып, енгізіледі.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына желілік әдіспен амортизацияланады: жалдау мерзімі немесе активтердің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі.

Егер жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығы Компанияға өтетін болса немесе егер активтің бастапқы құны оны сатып алуға арналған опционның орындалуын көрсетсе, актив оның пайдалы қызмет ету мерзімінің бойына амортизацияланады.

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер негізгі құралдардың құрамында көрсетіледі, сондай-ақ құнсыздану мәніне тексеріледі, әрі ол Қаржылық емес активтердің құнсыздануы тармағында сипатталған.

## 3 Есеп саясаты туралы маңызды ақпарат (жалғасы)

*(ii) Жалдау міндеттемелері*

Жалдау басталған күні Компания жалдау міндеттемелерін таниды, олар жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылуы тиіс жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланады. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын кез келген жалдау бойынша ынталандыру төлемдерін шегере отырып, тұрақты төлемдер (оның ішінде мәні бойынша тұрақты төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді айнымалы жалдау төлемдері, сондай-ақ жою құнына кепілдіктер бойынша төленуі күтілетін сомалар кіреді. Сонымен қатар, егер Компания сатып алу опционын орындайтынына жеткілікті дәрежеде сенімді болса, жалдау төлемдеріне сатып алу опционын жүзеге асыру бағасы, ал егер жалдау мерзімі Компанияның жалдауды тоқтату опционын ықтимал орындауын көрсетсе, жалдауды тоқтату үшін төленетін айыппұлдар да енгізіледі. Индекс немесе мөлшерлемеге тәуелді емес айнымалы жалдау төлемдері (қорларды өндіруге байланысты жағдайларды қоспағанда) осындай төлемдердің жүзеге асырылуына әкелетін оқиға немесе жағдай орын алған есептік кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Компания жалдау басталған күнгі қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады, себебі жалдау шартында көзделген пайыздық мөлшерлемені оңай айқындау мүмкін емес. Жалдау басталған күннен кейін жалдау міндеттемелерінің сомасы пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен қатар, Компания жалдау шартын өзгерту, жалдау мерзімінің өзгеруі, жалдау төлемдерінің өзгеруі (мысалы, болашақ төлемдердің оларды айқындау үшін пайдаланылатын индекс немесе мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты өзгеруі) немесе базалық активті сатып алу опционын бағалаудың өзгеруі жағдайларында жалдау міндеттемелерінің баланстық құнын қайта бағалайды.

*(iii) Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау*

Компания қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Сондай-ақ Компания төмен құны бар офистік жабдықты жалдауға қатысты мойындаудан босатуды құны төмен деп есептелетін активтерді жалдау шарттарына қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің бойына желілік әдіспен шығыстар ретінде танылады.

*Компания жалға беруші ретінде*

Сол бойынша Компанияның активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер және пайда іс жүзінде қалатын жалдау операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Туындайтын жалдау кірісі жалдау мерзімінің бойына тікжелілік әдіспен ескеріледі және өзінің операциялық сипатына орай пайда немесе залал және басқа да жиынтық кіріс туралы есепте басқа да операциялық кірістерге қосылады. Операциялық жалдау шартын жасау кезінде болатын бастапқы тікелей шығындар жалға берілген активтің баланстық құнына қосылады және жалдау кірісі сияқты дәл сондай негізде жалдау мерзімінің ішінде мойындалады. Құбылмалы жалдау ақысы олар алынған кезеңде басқа да операциялық кірістердің құрамында мойындалады.

## 4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар

Компанияның қаржылық есептілігін дайындау басшылықтан есептік кезеңнің соңындағы кәсіби пайымдауларды қолдануды, сондай-ақ бағалау мәндері мен болжамдарды айқындауды талап етеді. Бұл пайымдаулар мен бағалаулар қаржылық есептілікте көрсетілетін кірістер, шығыстар, активтер мен міндеттемелер сомаларына, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашып көрсетілуіне әсер етеді. Аталған болжамдар мен бағалауларға қатысты белгісіздік болашақта осындай болжамдар мен бағалаулар қолданылатын активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына елеулі түзетулер енгізуді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкелуі ықтимал.

***Пайымдаулар***

Компания басшылығы есепке алу саясатын қолдану барысында есептік бағалаулармен қатар қаржылық есептілікте бейнеленген сомаға неғұрлым маңызды әсер ететін мынадай пікірлер жасады:

**4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)**

*Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім*

Компания сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша барлық түсім белгілі бір уақыт сәтінде түскендігін анықтады, түсімнің мойындалуы Компания басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсім сомаларына әсер ететін пайымдаулар жасауды қажет етеді. Мұнайды өткізуге арналған шарттық қарым-қатынастар басқа талаптармен қатар уақыт өтісімен түсімнің мойындалуына әкеп соқтыра алады.

Компанияның түсіммен операциялар бойынша принципал немесе агент болып табылатындығын бағалау кезінде пайымдау қолданылады. Компанияның принципал ретінде болатындығын анықтау кезінде, келісімдердің талаптары мұқият қаралып, Компания өнімді ол сатып алушыға берілгенге дейін бақылайды деген тұжырым жасалды. Баламалы келісімдерде Компания агент ретінде айқындалуы мүмкін.

Қолданыстағы келісімшарттардың талаптарына сәйкес Компания тиеу немесе тасымалдау қызметтерінің сатып алушыға көрсетілмейтіндігін айқындайды және орындалуға лайықты жалғыз міндет шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сату жатады. Тиеу жұмыстары қызмет ретінде көрсетілетіндігін және бұл орындалуға жататын міндеттемені сәйкестендіруге, орындалуға жататын барлық міндеттемелерді белгілі бір уақыт сәтінде мойындауға, сондай-ақ түсімді мойындаудың жалпы мерзімдеріне ықпал ететіндігін айқындау кезінде пайымдау қажет болады. Компания басшылығы тиеу бойынша шығыстар орындалуға жататын бөлек міндеттеме болып табылады деп есептемейді, өйткені солармен байланысты тәуекелдер мен сыйақылар сатып алушыға портта тиеу сәтінде өтеді.

*Кейінге қалдырылған салық активтері*

Кейінге қалдырылған салық корпоративтік табыс салығы (КТС) үшін, сол сияқты үстеме пайда салығы (ҮПС) үшін есептеледі. Кейінге қалдырылған КТС пен ҮПС күтілетін мөлшерлемелер бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға байланған активтер мен міндеттемелердегі уақыт айырмаларына есептеледі. Кейінге қалдырылған КТС пен ҮПС базалары, солар туралы ақпарат 22-ескертпеде ашылып көрсетілген және салық заңнамасына сәйкес есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық активтері басшылықтан болашақ кезеңдерде танылған кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалану үшін жеткілікті салық салынатын пайданың алыну ықтималдығын бағалауды талап етеді. Болашақтағы салық салынатын пайданың алынуына қатысты болжамдар басшылықтың болашақ ақша ағындары жөніндегі бағалауларына негізделеді. Бұл болашақ салық салынатын табыс жөніндегі бағалаулар операциялық қызметтен күтілетін ақша ағындарының болжамдарына негізделген (оған өндіру және сату көлемдері, мұнай бағалары, қорлар, операциялық шығыстар, активтерді пайдаланудан шығару шығындары, күрделі шығындар, дивидендтер және капиталды басқару жөніндегі өзге де операциялар әсер етеді), сондай-ақ қолданыстағы салық заңнамасын қолдануға қатысты пайымдауларды қамтиды. Егер болашақ ақша ағындары мен салық салынатын пайда басшылықтың бағалауларынан елеулі түрде өзгеше болса, бұл есептік күнге танылған таза кейінге қалдырылған салық активтерін өтеу қабілетіне әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, Компания қызметін жүзеге асыратын юрисдикцияларда салық заңнамасының болашақтағы өзгерістері Компанияның келешек кезеңдерде салықтық шегерімдерді пайдалану мүмкіндігін шектеуі ықтимал. Компания басшылығы болашақ кезеңдерде танылған кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалану үшін жеткілікті салық салынатын пайданың алыну ықтималдығын жоғары деп бағалайды.

***Бағалаудың белгісіздігі***

*Мұнай мен газ қорларын бағалау*

Мұнай мен газдың қорлары – Компанияның мұнай-газ кен орындарында экономикалық және заңгерлік тұрғыда өндірілуі мүмкін көмірсутектердің көлемін бағалау. Компания білікті мамандар көмірсутектердің мөлшері, тереңдігі, формасы мен мазмұны, сондай-ақ лайықты болатын өндіру әдістері мен шығарып алу қарқыны туралы геологиялық және техникалық деректерге қатысты жинаған ақпаратқа негізделген өзінің коммерциялық қорлары мен ресурстарын бағалайды. Коммерциялық қорлар мұнай мен газ қорларын бағалауды, шығарып алу коэффициенттерін және шикізатқа келешек бағаларды пайдалана отырып айқындалады, соңғылары шығарып алынатын қорлардың жалпы сомасы мен жалпы қорлардың үлесіне әсер етеді. Келешек күрделі шығындар коммерциялық қорларды өндіруге қажетті ұңғымалардың санына қатысты жорамалдарды, мұндай ұңғымалардың құнын және солармен байланысты өндірістік қуаттылықтарды, сондай-ақ басқа да күрделі шығындарды пайдалана отырып бағаланады.

Компания Қоғамның мұнай-газ инженерлері қоғамының (SPE) әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Компания қорларды бағалау кезінде ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады.

## 4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Коммерциялық қорларды бағалау кезінде пайдаланылған Brent маркалы мұнайдың ұзақ мерзімді бағасының ағымдағы пайымдауы баррель үшін 60 АҚШ долларын құрайды (2024 жыл: баррель үшін 80 АҚШ доллары). 2025 жылғы 31 желтоқсанға мұнай-газ активтерінің баланстық құны 7-ескертпеде көрсетілген.

Қолданылатын экономикалық жорамалдар өзгеруі мүмкін болғандықтан, кен орнын пайдалану уақытында қосымша геологиялық ақпаратты алу шамасына қарай шығарып алынатын қорлардың бағалануы да өзгеруі мүмкін. Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Мұндай өзгерістер Компанияның қаржылық жағдайы мен нәтижелеріне әсер ете алады, оларға мыналар жатады:

- Мұнай-газ және басқа да активтердің баланстық құны (7-ескертпе);
- Жиынтық кіріс туралы есептегі тозу, таусылу және амортизациялық аударымдар (7-ескертпе);
- Активтердің есептен шығарылуы бойынша міндеттемелер – егер қорларды бағалаудағы өзгерістер мұндай іс-қимылдардың жасалатындығына қатысты үміттерге және солармен байланысты мұндай іс-қимылдарға шығындарға әсер етсе (7 және 15-ескертпелер);
- Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны – мұндай активтерді өтеу ықтималдылығын бағалаудағы өзгерістерге орай өзгеруі мүмкін 22-ескертпе).

*Мұнай-газ активтерінің амортизациясы*

Мұнай-газ активтерінің амортизациясы дәлелденген әзірленген қорлардың сомаларына қатысты өндірістік әдіспен есептеледі. Бұл кен орнындағы күтілетін қалған өндірудің таусылуына тепе-тең болатындай амортизацияның есептелуіне әкеп соқтырады.

Әрбір объектінің қызмет ету мерзімін айқындау кезінде іс жүзіндегі қызмет ету мерзімінің шектелуі, сондай-ақ кен орнының экономикалық шығарылып алынатын қорлардың ағымдағы бағалаулары ескеріледі. Бұл есептеулер бағалаулар мен жорамалдарды, оның ішінде қорлардың көлемі мен келешек күрделі шығындарды пайдалануды қажет етеді. Дәлелденген әзірленген қорлардағы өзгерістер қорларды бағалау кезінде пайдаланылатын факторлардың немесе жорамалдардың өзгеруінен туындауы мүмкін, оның ішінде:

- Шикі мұнайға іс жүзіндегі және болжамды бағалар арасындағы айырма;
- Келешек күрделі шығындарға әсер етуі мүмкін кезделмеген операциялық мәселелер.
- Қолданыстағы қорлар туралы толығырақ ақпараттың пайда болуы (мысалы, егжей-тегжейлі инженерлік-геофизикалық зерттеулер немесе қосымша ұңғымаларды бұрғылау)

*Мұнай-газ активтерінің құнсыздануы*

Компания қандай да бір оқиғалар немесе жағдайлардың өзгеруі активтің баланстық құны өтелмейтіндігін көрсеткен кезде активті немесе ақша ағындарын қалыптастыратын активтер тобын («ақша ағындарын қалыптастыратын бірлік») құнсыздану мәніне бағалайды. Егер мұндай индикаторлар бар болса, активтің немесе ақша ағындарын қалыптастыратын бірліктің өтелетін құнына тиісті бағалау жүргізіледі, ол өткізуге шығатын шығыстарды шегере отырып әділ құны мен пайдалану құнының ішіндегі ең жоғарысы ретінде айқындалады. Мұндай есептеулер дисконттау мөлшерлемелері, болашақтағы капиталға деген қажеттілік және операциялық шығыстар сияқты тәуекелдер мен белгісіздіктерге ұшырайтын бағалаулар мен жорамалдарды қолдануды талап етеді. Егер активтің немесе ақша ағындарын қалыптастыратын бірліктің баланстық құны оның өтелетін құнынан асқан жағдайда, актив немесе ақша ағындарын қалыптастыратын бірлік құнсызданған деп есептеледі және оның баланстық құны өтелетін құнға дейін есептен шығарылады.

## 4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Өтелетін құнды бағалау кезінде күтілетін болашақ ақша ағындары активтер тобына немесе ақша ағындарын қалыптастыратын бірлікке тән тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнын және тиісті активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесін қолдана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Өткізуге шығатын шығыстарды шегере отырып әділ құн нарық қатысушылары арасындағы әдеттегі мәміле шеңберінде активті сату нәтижесінде алынуы мүмкін құн ретінде айқындалады және Компанияға ғана тән, сондай-ақ Компания тұтастай алғанда әсер ететін факторлардың ықпалын қамтымайды.

Компания басшылығы жүргізген бағалау нәтижесінде 2025 жылғы 31 желтоқсанға активтердің ықтимал құнсыздану белгілері анықталған жоқ.

*Активтерді шығару бойынша міндеттемелер*

Белгілі бір келісімшарттардың талаптарына, сондай-ақ қолданыстағы заңнама мен нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Компания әрбір кен орнында негізгі құралдарды бөлшектеу және жою, сондай-ақ жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелерді көтереді. Атап айтқанда, Компанияның міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды кезең-кезеңімен жабу және қызметті түпкілікті тоқтатуға байланысты іс-шаралар, соның ішінде ұңғымаларды жою, құбыржолдарды, жер үсті және жер асты құрылыстарын, коммуникациялар мен өзге де құрылыстарды бөлшектеу, келісімшарттық аумақты рекультивациялау, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау бойынша шығындар жатады. Лицензиялардың қолданылу мерзімі Компанияның қалауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша міндеттемелерді өтеудің есептік мерзімі әрбір лицензиялық кезеңнің аяқталу күні болып саналады.

Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орындарын экономикалық тұрғыдан негізделген пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін өтелуге тиіс болған жағдайда, ұңғымаларды жоюға және түпкілікті жабуға байланысты барлық шығындардың енгізілуі нәтижесінде танылған міндеттемелердің сомасы елеулі түрде ұлғаяр еді. Ұңғымаларды жоюды және түпкілікті жабуды қаржыландыру бойынша Компанияның міндеттемелерінің көлемі тиісті келісімшарттардың талаптарына және қолданыстағы заңнамаға байланысты болады.
Келісімшартта немесе заңнамада лицензиялық кезеңнің соңында түпкілікті жою және жабу бойынша осындай шығындарды қаржыландыру жөнінде нақты міндеттеме көзделмеген жағдайларда, мұндай міндеттемелер танылмайды. Мұндай шешімдерді қабылдау белгілі бір дәрежедегі белгісіздікпен және елеулі кәсіби пайымдаулармен байланысты.

Мұндай міндеттемелердің бар-жоғына қатысты басшылықтың бағалаулары Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе салалық жергілікті тәжірибедегі өзгерістерге байланысты өзгеруі мүмкін. Компания активтерді пайдаланудан шығару бойынша міндеттемелерді әрбір келісімшарт бойынша жеке-жеке есептейді.

Аталған міндеттемелер тәуелсіз білікті консультанттар тарапынан жыл сайын бағаланады.

Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады. Компания келісімшарттық аумақты қалпына келтіру бойынша міндеттемені әрбір есепті күнге қайта қарайды және *«Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер»* 1 Түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Жабуға арналған келешек шығындарды бағалау кезінде елеулі бағалаулар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарындағы түсініксіздіктен басқа, Компанияның бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына резервтің шамамен 38% және 31%, тиісінше, түпкілікті жабу шығындарына жатады. Компания ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларын болашақта жою құнын бағалайды.

## 4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Ұзақ мерзімді инфляция және 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына міндеттеменің баланстық құнын айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері төменде көрсетілген:

| *Пайыздық мәнде* | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|
| Кен орындарын жою резерві бойынша дисконттаудың орташа мөлшерлемесі | 13.37% | 9.97% |
| Инфляцияның орташа деңгейі | 7.73% | 5.23% |

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша елеулі жол берулерді өзгертуге активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелердің сезімталдығын талдау былайша берілген:

| *Мың теңгемен* | Болжамдардағы өзгерістер | Объектілерді пайдалану салдарын жою жөніндегі міндеттемені (азайту )/ұлғайту |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесінің ұлғаюы/( азаюы) | +1% | (2,864,064) |
| | (1%) | 3,279,227 |
| Инфляция деңгейінің ұлғаюы/(азаюы) | +1% | 3,380,074 |
| | (1%) | (2,990,056) |

Активтерді істен шығару бойынша міндеттемелердегі өзгерістер 15-ескертпеде ашылған.

*Сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалау резерві*

Компания сауда дебиторлық берешек бойынша ККЗ есептеу үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері шығындардың пайда болуының ұқсас сипаттамаларымен (яғни, географиялық өңір, өнімнің типі, сатып алушылардың типі мен рейтингісі, аккредитивтер арқылы қамтамасыз ету және кредиттік тәуекелдерді сақтандырудың басқа нысандары бойынша) түрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлем мерзімін өткізіп алу күндеріне қарай белгіленеді.

Бастапқыда бағалау резервтері матрицасының негізінде бұрынғы кезеңдердегі дефолттардың пайда болуының байқалатын деректері жатыр. Компания болжамды ақпаратты ескере отырып кредиттік шығынның пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзетіп алу үшін матрицаны жаңартып отырады. Мысалға, егер келесі жылдың ішінде болжамды экономикалық талаптардың (мысалы, ЖІӨ) нашарлауы күтілетін болса, әрі ол өндірістік секторда дефолт жағдайларының ұлғаюына әкеп соқтыра алса, дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Әрбір есепті күнге алдыңғы кезеңдердегі дефолт деңгейі туралы байқалатын деректер жаңартылып отырады және болжамды бағалаудың өзгеруі сараланады.

Дефолттың тарихи байқалатын деңгейлері, болжамды экономикалық талаптар мен ККЗ арасындағы өзара байланысты бағалау едәуір есепті бағалау болып табылады. ККЗ көлемі жағдайлардағы және болжамды экономикалық талаптардағы өзгерістерге сезімтал келеді. Компанияның кредиттік залалдардың пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптардың болжамы сатып алушының келешектегі іс жүзіндегі дефолты үшін көрнекі болып табылмауы мүмкін. Компанияның сауда дебиторлық берешегі бойынша ККЗ жөніндегі ақпарат 9-ескертпеде ашылып көрсетілген.

*Алдын ала бағалар бойынша сату*

Шикі мұнайды экспортқа сату шарттарында шартта көрсетілген тиісті баға белгілеу кезеңінің (БК) соңындағы нарықтық бағаның негізінде бағаларды түзетуге мүмкіндік беретін талаптарды қамтиды. Сату бағасының түзетулері БК соңына дейін бағасы белгіленетін нарықтық бағалардың өзгеруі негізінде болады. Бұл шарттар бойынша мұндай жағдайларда өткізуден түскен түсім бастапқыда бақылау сатып алушыға өткенде танылады және форвардтық бағаның негізінде күтілетін сома бойынша бағаланады.

## 4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды есептік бағалау және кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Түпкі сату бағасы коносаменттен кейін 5 күннің ішінде нарықтық бағалардың орташа белгілеулеріне негізделген. Баға белгіленетін кезеңдегі баға тәуекелдері 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес ендірілген туынды құралдың анықтамасына сәйкес келеді. Компания дебиторлық берешектің әділ құнын айқындау үшін пайымдауды қолданады. 2024 жыл үшін сату күнінен бастап дебиторлық берешектің әділ құнының өзгеруін Компания түсімнің бір бөлігі ретінде көрсетеді (18-ескертпе). 2025 жылғы 31 желтоқсанға дебиторлық берешекті 2025 жылғы алдын ала және түпкі баға арасындағы мұндай шарттар бойынша түзету елеусіз болды.

*Белгіленген төлемдер бойынша міндеттеме*

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге ұзақ мерзімді сыйақылар құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәтижелерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды. Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақылары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгерістеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Өлім-жітім коэффициенті ашық қол жетімді өлім-жітім кестесіне негізделеді. Жалақы мөлшерінің болашақта көбеюі күтіліп отырған болашақ инфляция қарқынына негізделеді. 2025 және 2024 жылдың 31 желтоқсанына жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелерді бағалау үшін пайдаланылған негізгі актуарлық долбарлар мынадай түрде берілген:

| *Пайыздық мәнде* | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | 15.31% | 11.36% |
| Ұзақ мерзімді жыл сайынғы төлемдердің келешек ұлғаюы (АЕК) | 7.39% | 7.09% |
| Жалақының келешек өсуі (2025 жыл) | 8.00% | 8.00% |
| Жалақының келешек өсуі (2026 жыл) | 6.5% | 6.00% |
| Жалақының келешек өсуі (2027 жылдан бастап) | 4.00% | 4.00% |
| Ер адамның зейнетке ерте шығу ықтималдылығы | 12.06% | 14.29% |
| Әйел адамның зейнетке ерте шығу ықтималдылығы | 3.48% | 4.19% |

2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына еңбек қызметі аяқталғаннан кейін қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелердің орташа ұзақтығы тиісінше 7.68 және 7,56 жыл болды.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлердің сыйақылары бойынша міндеттемелердің сезімталдығын елеулі жорамалдардың өзгеруіне талдау былайша көрсетілген:

| *Мың теңге* | Азаю | Ұлғаю |
|---|---|---|
| Дисконттау мөлшерлемесі | (0.5%)<br>753,075 | +0.5%<br>(651,001) |
| Жалақының өсуі | (1.0%)<br>(234,929) | +1.0%<br>260,736 |

## 5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттарды қолдану

***Ағымдағы жылға қатысты күшіне енген ХҚЕС-тің жаңа және түзетілген стандарттары***

Төменде санамаланған қайта қаралған стандарттар 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап Компания үшін міндетті болды, бірақ Компанияға елеулі әсер етпеді::

- 21 «Айырбастаудың шектеулі мүмкіндігі» ХҚЕС (IAS) түзетулері (2023 жылғы 15 тамызда шығарылған және 2025 жылғы 1 қаңтардан кейін немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

## 6 Жаңа есептік ережелер

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын және Компания мерзімінен бұрын қабылдамаған жылдық кезеңдер үшін міндетті болып табылатын бірқатар жаңа стандарттар мен интерпретациялар жарияланды:

- Қаржы құралдарын жіктеу және бағалау талаптарына енгізілген түзетулер — 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) стандарттарына енгізілген түзетулер (2024 жылғы 30 мамырда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есептік кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 18 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу» (2024 жылғы 9 сәуірде шығарылған және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Стандартты қолдану пайда немесе залал туралы есепте және өзге де жиынтық кіріс пен ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте баптардың жіктелуіне елеулі әсер етеді деп күтілуде. Атап айтқанда, ағымдағы есеп саясатына сәйкес Компания операциялық қызметтен түскен ақша ағындарына пайыздық кірістерді қамтиды, ал 18 ХҚЕС (IFRS) пайыздық кірістер инвестициялық қызметтің құрамында көрсетілетін болады.
- 19 ХҚЕС (IFRS) «Жария емес еншілес компаниялар: ақпаратты ашу» (2024 жылғы 9 мамырда шығарылған, 2025 жылғы 21 тамызда өзгертілген және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 14 ХҚЕС (IFRS) «Кейінге қалдырылған тарифтік түзетулер шоттары» (2014 жылғы 30 қаңтарда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- 10 ХҚЕС (IFRS) және 28 ХҚЕС (IAS) түзетулер - «Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелердегі активтерді сату немесе жарна» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылған және Кеңес айқындайтын күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді) ХҚЕС бойынша).
- 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулер - «Табиғатқа байланысты электр энергиясын жеткізуге арналған шарттар» (2024 жылғы 18 желтоқсанда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтар немесе осы күннен кейін).
- ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру (2024 жылғы шілдеде шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

Егер жоғарыда өзгеше көрсетілмесе, осы жаңа стандарттар мен түсіндірмелер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтілуде.

## 7 Негізгі құралдар

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | Мұнай-газ активтері | Жер | Ғимарат пен құрылыс-жайлар | Машиналар мен құралжабдықтар | Көлік | Басқа да активтер | Аяқталмаған күрделі құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2023 ж. 31 желтоқсанға қалдық құны** | | **180,799,205** | **239,877** | **8,480,841** | **2,652,420** | **5,046,764** | **5,139,476** | **20,127,719** | **222,486,302** |
| Түсімдер | | 319,215 | – | – | – | – | 5,010 | 45,903,676 | 46,227,901 |
| Активтің шығуы бойынша міндеттемелерді бағалаудағы өзгерістер | 15 | (2,495,171) | – | – | – | – | – | – | (2,495,171) |
| Шығулар | | (3,692,522) | (32,519) | (1,067,375) | (77,081) | (493,500) | (209,631) | (277,519) | (5,850,147) |
| Аяқталмаған күрделі құрылыстан ауысулар | | 39,732,661 | – | 72,465 | 584,341 | 2,221,911 | 1,850,084 | (44,461,462) | – |
| Аударымдар және қайта жіктеулер | | (8,322) | – | 4,031 | (13,907) | – | 18,198 | – | – |
| Шығулар бойынша жинақталған тозу | | 3,334,456 | 4,468 | 1,062,665 | 87,864 | 484,311 | 176,588 | 24,489 | 5,174,844 |
| Есептен шығару | | – | – | (370) | – | – | – | (9,446) | (9,816) |
| Тозу бойынша шығыстар | | (27,272,332) | – | (373,585) | (346,795) | (891,599) | (918,512) | – | (29,802,803) |
| **2024 ж. 31 желтоқсанға қалдық құны** | | **190,717,190** | **211,826** | **8,178,692** | **2,886,842** | **6,367,887** | **6,061,213** | **21,307,460** | **235,731,107** |
| Түсімдер | | 1,319,211 | – | 1,711 | 9,796 | 14,700 | 4,376 | 61,761,844 | 63,111,638 |
| Активтің шығуы бойынша міндеттемелерді бағалаудағы өзгерістер | 15 | (3,039,012) | – | – | – | – | – | – | (3,039,012) |
| Шығу | | (6,164,447) | (172) | (61,226) | (113,210) | (443,992) | (201,372) | (1,312) | (6,985,731) |
| Аяқталмаған күрделі құрылыстан орын ауыстыру | | 51,781,054 | – | 414,233 | 812,974 | 1,454,922 | 694,061 | (55,157,244) | - |
| Барлау және бағалау бойынша активтерден аудару | | 3,391,520 | – | – | – | – | – | – | 3,391,520 |
| Аудармалар және қайта жіктеу | | 19,363 | | (100,905) | 35,514 | 31,863 | 14,165 | - | - |
| Шығу бойынша жинақталған тозу | | 5,499,644 | 37 | 32,545 | 86,977 | 439,782 | 162,096 | 44,239 | 6,265,320 |
| Есептен шығару (құнсыздану) | | (220,474) | – | – | – | (46,201) | – | (261,999) | (528,677) |
| Барлау және бағалау бойынша активтерді есептен шығару (құнсыздану) | | (339,106) | – | – | – | – | – | – | (339,106) |
| Тозу шығындары | | (34,482,437) | – | (369,458) | (401,287) | (1,032,198) | (1,007,274) | – | (37,292,654) |
| **2025 ж. 31 желтоқсанға қалдық құны** | | **208,482,503** | **211,691** | **8,095,592** | **3,317,606** | **6,786,763** | **5,727,265** | **27,692,988** | **260,314,408** |

## 7 Негізгі құралдар (жалғасы)

| *Мың теңгемен* | Мұнай-газ активтері | Жер | Ғимарат пен құрылыс-жайлар | Машиналар мен құралжаб-дықтар | Көлік | Басқа да активтер | Аяқталма-ған күрделі құрылыс | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **2024 ж. 31 желтоқсанға** | | | | | | | | |
| Бастапқы құн | 479,985,812 | 222,780 | 12,902,773 | 5,840,011 | 15,001,757 | 11,760,012 | 21,461,197 | 547,174,342 |
| Жинақталған тозу | (245,556,858) | - | (3,390,918) | (2,575,992) | (7,534,469) | (5,352,005) | - | (264,410,242) |
| Жинақталған құнсыздану | (43,711,764) | (10,954) | (1,333,163) | (377,177) | (1,099,401) | (346,797) | (153,737) | (47,032,993) |
| **2024 ж. 31 желтоқсанға қалдық құны** | **190,717,190** | **211,826** | **8,178,692** | **2,886,842** | **6,367,887** | **6,061,213** | **21,307,460** | **235,731,107** |
| **2025 ж. 31 желтоқсанға** | | | | | | | | |
| Бастапқы құн | 527,293,498 | 222,608 | 13,156,586 | 6,585,085 | 16,059,250 | 12,271,245 | 28,064,485 | 603,652,757 |
| Жинақталған тозу | (276,615,870) | - | (3,737,828) | (2,892,024) | (8,187,279) | (6,200,375) | - | (297,633,376) |
| Жинақталған құнсыздану | (42,195,125) | (10,917) | (1,323,166) | (375,455) | (1,085,208) | (343,605) | (371,497) | (45,704,973) |
| **2025 ж. 31 желтоқсанға қалдық құны** | **208,482,503** | **211,691** | **8,095,592** | **3,317,606** | **6,786,763** | **5,727,265** | **27,692,988** | **260,314,408** |

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бастапқы құны және толық амортизацияланған, бірақ осы уақытқа дейін пайдаланудағы негізгі құралдардың тиісті жинақталған амортизациясы 16,412,050 мың теңгені (2024 жыл: 15,750,357 мың теңге) құрады, мұндағы ғимараттар мен құрылыстар 7,040,421 мың теңгені (2024 жыл: 5,634,654 мың теңге), мұнай-газ активтері 7,468,643 мың теңге (2024 жыл: 9,316,335 мың теңге), көлік құралдары және өзге де негізгі құралдар 1,902,985 мың теңге (2024 жыл: 799,367 мың теңге) құраған.

## 8 Барлау және бағалау бойынша активтер

2025 жылы Компания Тайсойған барлау блогында бұрғыланған 4,183,489 мың теңге мөлшеріндегі құрғақ ұңғымаларды есептен шығару бойынша шығыстарды игерді.

## 9 Қаржы активтері

*Сауда және басқа да дебиторлық берешек*

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Сауда дебиторлық берешек | 38,530,612 | 45,727,804 |
| Басқа | 117,779 | 134,130 |
| **Жалпы сауда және өзге де дебиторлық берешек жиыны** | **38,648,391** | **45,861,934** |
| Минус: ККЗ бағалау резерві | (58,600) | (220,882) |
| **Таза сауда және өзге де дебиторлық берешек жиыны** | **38,589,791** | **45,641,052** |

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның сауда дебиторлық берешегіне «KazMunayGas Trading AG»-ден 15,308,550 мың теңге сомасында (2024 жыл: 27,774,306 мың теңге) шикі мұнайды экспортқа өткізуден болған берешек, ҚМГ ҰК-ден 22,130,829 мың теңге сомасында (2024 жыл: 17,880,517 мың теңге) шикі мұнайды ішкі нарыққа өткізуден болған берешек жатады.

2025 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның сауда дебиторлық берешегі 40% АҚШ долларында білдірілген (2024 жыл: 61%).

Дебиторлық берешек пен шарттың активтері бойынша күтілетін кредиттік зияндарға бағалау резервіндегі өзгерістер төменде келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға | 220,882 | 116,530 |
| Есептеу | 116,249 | 257,337 |
| Қалпына келтіру | (278,531) | (152,985) |
| **31 желтоқсанға** | **58,600** | **220,882** |

2025 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның сауда дебиторлық берешек пен бағалау резервтерінің матрицасын пайдалана отырып шарт активтері бойынша кредиттік тәуекелге ұшырағыштығы туралы ақпарат:

| | **Сауда дебиторлық берешек** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **Кешіктірілген төлемдер** | | | | |
| *Мың теңгемен* | **Ағымдағы** | **30 күнге дейін** | **30 -60 күн** | **61-90 күн** | **91 күннен артық** | **Жиыны** |
| Күтілетін кредиттік залалдар пайызы | 0.10% | 0.06% | 0.09% | 13.06% | 53.46% | |
| Есептелген жалпы баланстық құн | 33,102,340 | 3,607,000 | 1,876,963 | 28,724 | 33,364 | 38,648,391 |
| Күтілетін кредиттік залалдар | 33,094 | 2,170 | 1,750 | 3,750 | 17,836 | 58,600 |

## 9 Қаржы активтері (жалғасы)

2024 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның сауда дебиторлық берешек пен бағалау резервтерінің матрицасын пайдалана отырып шарт активтері бойынша кредиттік тәуекелге ұшырағыштығы туралы ақпарат:

| | Сауда дебиторлық берешек | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Кешіктірілген төлемдер | | | | |
| *Мың теңгемен* | Ағымдағы | 30 күнге дейін | 30 -60 күн | 61-90 күн | 91 күннен артық | Жиыны |
| Күтілетін кредиттік залалдар пайызы | 0.41% | – | 1.14% | 1.05% | 59.88% | |
| Есептелген жалпы баланстық құн | 45,748,857 | – | 57,268 | 95 | 55,714 | 45,861,934 |
| Күтілетін кредиттік залалдар | 186,867 | – | 650 | 1 | 33,364 | 220,882 |

### *Ақша қаражаты және оның баламалары*

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Банктердегі АҚШ долларымен көрсетілген мерзімді салымдар | 36,500,259 | 44,936,276 |
| Банктердегі теңгемен көрсетілген мерзімді салымдар | 1,091,930 | 7,004,755 |
| Кері репо мәмілелері | 10,474,029 | – |
| Банктердегі теңгемен көрсетілген қаражат | 3,772 | 16,145 |
| Банктердегі АҚШ долларымен көрсетілген қаражат | 1 | 2 |
| **Ақша қаражаты және оның баламаларының жиыны** | **48,069,991** | **51,957,178** |

Банктердегі ақша қаражаты бойынша депозиттердің күн сайынғы банк мөлшерлемелеріне тәуелді болатын сыйақы мөлшерлемесі белгіленген. Банк депозиттері түрлі мерзімдерге Компанияның тарату активтеріндегі мұқтаждығына қарай (бір күннен үш айға дейін) орналастырылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша теңгемен мерзімді салымдар бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 17.4% (2024 жылы: 14,70%), АҚШ долларындағы мерзімді салымдар бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2.94% болды (2024 жылы: 3,25%).

2025 жылы өтімділікті басқару мақсатында Компания ақша қаражатын 129.592 бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген авторепоның қаржы құралдарына орналастырды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы операциялар бойынша орташа кірістілік өтелгенге дейін үш айға дейінгі мерзімде 4.5% құрады.

2025 жылы Компания 07.10.2024 жылғы № 428-121 _ 24 шарт бойынша «Freedom Finance Global PLC» жария компаниясымен брокерлік қызмет көрсету және бағалы қағаздарды номиналды ұстау шарты бойынша ҚРҰБ қысқа мерзімді ноталарын сатып алуды жүзеге асырды.

### *Басқа қаржы активтері*

Ұзақ мерзімді қаржы активтері жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшартқа сәйкес әрбір келісімшарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін әрбір келісімшарт бойынша жеке ашылған тарату қоры бойынша салымдарды құрайды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы салымдар бойынша орташа өлшенген сыйақы мөлшерлемесі 3.50% құрады (2024 жыл: 3%).

2025 жылы ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді салымдар бойынша есептелген сыйақы 5,573,878 мың теңгені құрады (2024 жыл: 3,627,835 мың теңге).

| *Мың теңге* | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| АҚШ долларында өтеуге дейін ұсталатын қаржы активтері | 53,814,194 | 55,547,533 |
| Теңгемен өтеуге дейін ұсталатын қаржы активтері | 839,670 | 927,145 |
| ККЗ резерві | (150,630) | (148,864) |
| **Ұзақ мерзімді қаржы активтерінің жиыны** | **54,503,234** | **56,325,814** |

## 10 Берілген аванстар

2025 және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтер үшін төленген аванстарға мыналар жатады:

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Сыртқы ұйымдарға ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар | 8,507,608 | 1,596,970 |
| **Берілген аванстар жиыны** | **8,507,608** | **1,596,970** |

Оның ішінде қызметтер үшін күрделі сипаттағы аванстар 7,774,525 мың теңге.

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша айналым активтері үшін төленген аванстар мен болашақ кезеңдердің шығыстары мыналарды қамтиды:

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Үшінші тарап ұйымдарына берілген аванстар | 3,154,830 | 1,343,064 |
| Байланысты тараптарға берілген аванстар | 3,162,732 | 3,106,198 |
| **Берілген аванстар жиыны** | **6,317,562** | **4,449,262** |

Оның ішінде қызмет көрсету/жұмыстарды орындау үшін берілген аванстар 6,185,867 мың теңге.

## 11 Салық бойынша алдын ала төлем және өтелетін ҚҚС

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Өтелетін ҚҚС | 1,767,019 | 1,533,451 |
| Экспорттық кедендік баж салығы | 3,310,492 | 8,640,563 |
| Басқасы | 204,057 | 167,432 |
| **Жиыны** | **5,281,568** | **10,341,446** |
| Минус: өтелетін ҚҚС құнсыздануына арналған резерв | (138,881) | (138,881) |
| **Салық бойынша алдын ала төлем және өтелетін ҚҚС жиыны** | **5,142,687** | **10,202,562** |

Өтелетін ҚҚС құнсыздану резервіндегі өзгерістер төменде келтірілген:

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға | 138,881 | 834,544 |
| Резервті қалпына келтіру | – | (695,663) |
| **31 желтоқсанға** | **138,881** | **138,881** |

## 12 Тауарлық-материалдық қорлар

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Шикі мұнай (өзіндік құнның ең азы және сатудың таза ықтимал бағасы бойынша) | 11,062,402 | 9,546,150 |
| Материалдар (өзіндік құны бойынша) | 4,517,305 | 4,812,055 |
| **Өзіндік құн мен таза өткізу құнының ең төменгісі бойынша қорлардың жиыны** | **15,579,707** | **14,358,205** |

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның 109.866 тонна шикі мұнайы резервуарлар мен транзитте болды (2024: 96.468 тонна).

## 13 Капитал

***Шығаруға рұқсат етілген акциялар***

2025 жылғы 31 желтоқсандағы және 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылымға жарияланған акциялардың жалпы саны 32.479.964 дана құрайды, бір акцияның номиналды құны 5 мың теңге, олар толығымен Бас компанияға тиесілі.

***Дивидендтер***

Қазақстан заңнамасына сәйкес, егер Компанияның капиталы теріс болса немесе дивидендтерді төлеу теріс капиталға әкеп соқтырса, дивидендтер жарияланбайды. 2025 жылы Компания Бас компанияға бір акцияға шаққанда 20,007,658 мың теңге немесе 616 теңге мөлшерінде дивидендтер жариялады және төледі (2024 жыл: 10,003,829 мың теңге немесе бір акцияға шаққанда 308 теңге).

## 14 Тарихи міндеттемелер

Тарихи міндеттемелер АҚШ долларымен көрсетілген және Компания белгілі бір лицензияларды сатып алғанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне келтірілген тарихи шығындарды өтеу жөніндегі міндеттемелерді білдіреді: № 3577 келісімшарт – Қаратон-Сарқамыс блогы бойынша кен орны, № 992 келісімшарт – Батыс Новобогат кен орны.

Жер қойнауын пайдаланушы тарихи шығындарды өтеу бойынша төлемді келісімшарттық аумақта өндіру басталғаннан бастап және мынадай күндердің неғұрлым ерте басталуынан бастап төлейді: 1) коммерциялық табуды жариялау; 2) Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес өндіру кезеңіне көшу; 3) пайдалы қазбаларды өндіруге лицензия беру; 4) пайдалы қазбаларды өндіруге келісімшарт жасау.

Тарихи міндеттемелердегі қозғалыс былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|
| 1 қаңтарға арналған сальдо | 6,935,844 | 7,689,732 |
| Дисконт амортизациясы | 556,810 | 647,426 |
| Төлемдер | (1,373,504) | (2,494,787) |
| Бағамдық айырма тиімділігі | (269,964) | 1,093,473 |
| **31 желтоқсанға сальдо** | **5,849,186** | **6,935,844** |
| Ағымдағы бөлік | 2,055,920 | 1,769,920 |
| Ұзақ мерзімді бөлік | 3,793,266 | 5,165,924 |
| **31 желтоқсанға сальдо** | **5,849,186** | **6,935,844** |

## 15 Резервтер

| *Мың теңгемен* | Салықтар бойынша резервтер | Активтердің шығуы бойынша міндеттеме | Белгіленген төлемдер бойынша міндеттеме | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| 2024 ж. 1 қаңтарға | 3,710,606 | 28,188,116 | 16,655,493 | 48,554,215 |
| Қосымша резервтер | – | 157,339 | 560,396 | 717,735 |
| Пайдаланылмаған сомаларды түзету | (3,710,606) | – | – | (3,710,606) |
| Дисконт амортизациясы | – | 2,433,584 | 1,736,913 | 4,170,497 |
| Бағалаудағы өзгерістер | – | (2,495,171) | (727,546) | (3,222,717) |
| Жыл ішінде пайдаланылғаны | – | (711,701) | (1,788,063) | (2,499,764) |
| **2024 ж. 31 желтоқсанға** | **–** | **27,572,167** | **16,437,193** | **44,009,360** |
| Ағымдағы бөлік | – | 507,549 | 1,565,509 | 2,073,058 |
| Ұзақ мерзімді бөлік | – | 27,064,618 | 14,871,684 | 41,936,302 |
| **2024 ж. 31 желтоқсанға** | **–** | **27,572,167** | **16,437,193** | **44,009,360** |
| Қосымша резервтер | – | 323,642 | 272,577 | 596,219 |
| Дисконт амортизациясы | – | 2,748,944 | 1,561,088 | 4,310,032 |
| Бағалаудағы өзгерістер | – | (3,039,012) | (1,753,201) | (4,792,213) |
| Жыл ішінде пайдаланылғаны | – | (642,884) | (1,851,515) | (2,494,399) |
| **2025 ж. 31 желтоқсанға** | **–** | **26,962,857** | **14,666,142** | **41,628,999** |
| Ағымдағы бөлік | – | 446,286 | 1,563,262 | 2,009,548 |
| Ұзақ мерзімді бөлік | – | 26,516,571 | 13,102,880 | 39,619,451 |
| **2025 ж. 31 желтоқсанға** | **–** | **26,962,857** | **14,666,142** | **41,628,999** |

Қаржылық жағдай туралы есепте және жиынтық кіріс туралы есепте белгіленген төлемдердің міндеттемесі бойынша танылған сомалар былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|
| Жыл соңына белгіленген төлемдер бойынша міндеттемелердің келтірілген құны | 14,666,142 | 16,437,193 |
| **Таза міндеттемелер** | **14,666,142** | **16,437,193** |
| Ағымдағы кезеңдегі қызметтердің құны | 272,577 | 319,183 |
| Пайыздық шығыстар | 1,561,088 | 1,736,913 |
| Актуарлық зиян - пайдаға және зиянға жатқызылғаны | (65,770) | (102,992) |
| Актуарлық (пайда)/зиян - басқа да жиынтық зиянға жатқызылғаны | (1,687,431) | (624,553) |
| Бұрынғы қызметтердің құны | – | 241,212 |
| **Жыл ішінде танылған шығыстар** | **80,464** | **1,569,763** |
| **Жыл ішінде жасалған төлемдер** | **(1,851,515)** | **(1,788,063)** |

Ағымдағы қызметтердің және өткен жылдар қызметтерінің құны өндірістік шығыстар, жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында жиынтық кіріс туралы есепке кіргізілген.

## 16 Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төлеуге берілетін рента салығы

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Шикі мұнай экспортына рента салығы | 10,151,029 | 8,231,856 |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық | 8,398,804 | 4,624,218 |
| **Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төлеуге берілетін рента салығы жиыны** | **18,549,833** | **12,856,074** |

Рента салығындағы төленетін өзгерістер төменде келтірілген:

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|---|
| 1 қаңтарға | | 8,231,856 | 10,993,792 |
| Есептелгені | 20 | 37,956,890 | 48,997,641 |
| Төлемдер | | (36,037,717) | (51,759,577) |
| **На 31 декабря** | | **10,151,029** | **8,231,856** |

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтағы өзгерістер төменде келтірілген:

| *Мың теңге* | Ескерт. | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|---|
| 1 қаңтарға | | 4,624,218 | 8,296,209 |
| Есептелгені | 19 | 28,017,622 | 33,819,591 |
| Төлемдер | | (24,243,036) | (37,491,582) |
| **На 31 декабря** | | **8,398,804** | **4,624,218** |

## 17 Сауда және басқа кредиторлық берешек

| *Мың теңге* | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Сауда кредиторлық берешек | 18,283,283 | 15,603,234 |
| Қызметкерлердің алдындағы берешек | 11,091,987 | 8,397,452 |
| Төленуге жататын басқа да салықтар | 1,541,777 | 1,375,732 |
| Басқасы | 1,257,651 | 1,300,452 |
| **Сауда және басқа да кредиторлық берешек жиыны** | **32,174,698** | **26,676,870** |

Компанияның сауда-саттық кредиторлық берешегі көбінесе Ұңғымаларды бұрғылау, ұңғымаларды жөндеу және негізгі құралдарды сатып алу жұмыстарының берешегі болып табылады.

2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа да кредиторлық берешекке мыналар кірді:

| *Мың теңге* | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Үшінші тарап ұйымдарына сауда кредиторлық берешек | 17,023,478 | 13,653,715 |
| Байланысты тараптарға сауда кредиторлық берешек | 1,259,805 | 1,949,519 |
| **Сауда және басқа да кредиторлық берешек жиыны** | **18,283,283** | **15,603,234** |

## 17 Сауда және басқа кредиторлық берешек (жалғасы)

Сауда кредиторлық берешектің баланстық құны мынадай валюталарда көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 2025 ж. 31 желтоқсан | 2024 ж. 31 желтоқсан |
|---|---|---|
| Теңгедегі сауда кредиторлық берешек | 18,214,414 | 15,588,186 |
| АҚШ долларындағы сауда кредиторлық берешек | 68,869 | 15,048 |
| **Кредиторлық берешек жиыны** | **18,283,283** | **15,603,234** |

## 18 Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім

| *Мың теңгемен* | **Міндеттемелерді орындау бойынша түсімді мойындау** | **2025 ж.** | **2024 ж.** |
|---|---|---|---|
| **Экспорт** | | | |
| Шикі мұнай | Уақыт сәтіне | 238,555,141 | 276,716,394 |
| Сапа банкі (23-ескертпе) | Уақыт сәтіне | (552,981) | 520,457 |
| **Ішкі нарық** | | | |
| Шикі мұнай | Уақыт сәтіне | 170,975,267 | 152,797,068 |
| Газды қайта өңдеу өнімдері | Уақыт сәтіне | 1,089,580 | 221,476 |
| Басқа да сату амалдары мен қызметтер | Уақыт кезеңінің ішінде | 473,837 | 439,223 |
| **Түсім жиыны** | | **410,540,844** | **430,694,618** |

| *Мың теңгемен* | **2025 ж.** | **2024 ж.** |
|---|---|---|
| **Географиялық нарық** | | |
| Швейцария | 238,555,141 | 276,716,394 |
| Қазақстан | 171,985,703 | 153,978,224 |
| **Түсім жиыны** | **410,540,844** | **430,694,618** |

2025 жылы алдын ала баға бойынша түзету сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді 64,011 мың теңгеге азайтады (2024 жылы: 129,024 мың теңге).

Мұнай сапасының банкі Каспий құбыр консорциумы жүйесі арқылы экспортқа өткізу кезінде мұнай құбырлары жүйесіне жеткізілетін шикізаттың сапасына байланысты Компанияның айыппұл және өтемақы төлемдерінің тетігін білдіреді. Мұнай сапасының банкі бойынша сыйақыны ҚМГ ҮК өтейді.

## 19 Сатудың өзіндік құны

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|---|
| Қызметкерлерге сыйақы | | 94,016,684 | 85,928,231 |
| Тозу, сарқылу және амортизация | | 36,950,525 | 29,451,393 |
| Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері | | 33,753,997 | 33,699,573 |
| Тау-кен салығы, таза | 16 | 28,017,622 | 33,819,591 |
| Көлік шығындары | | 10,318,271 | 9,289,124 |
| Электр энергиясы | | 7,735,503 | 6,214,903 |
| Материалдар мен қорлар | | 6,738,907 | 6,506,100 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | | 3,010,071 | 3,127,019 |
| Басқалары | | 11,096,189 | 10,950,782 |
| **Жиыны** | | **231,637,769** | **218,986,716** |
| Мұнай қалдықтарының өзгеруі | | (1,516,253) | 525,027 |
| **Өзіндік құн жиыны** | | **230,121,516** | **219,511,743** |

2025 жыл үшін ілеспе газды қайта өңдеу бойынша өндірістік шығыстар 9,056,130 мың теңге болды (2024 жыл: 8,399,918 мың теңге).

Жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтерге бұрандалы сорғы жұптары мен тереңдік сорғыларын жалға алу шығыстары кіреді. Компания аталған келісімдер 16 ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкес жалдау болып табылатынын есептейді, алайда олар төмен құны бар активтерге арналған босатуға жатады

## 20 Өткізу бойынша шығыстар

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|---|
| Көлік шығындары | | 43,837,554 | 39,246,020 |
| Рента салығы | 16 | 37,956,890 | 48,997,641 |
| Экспорттық кедендік баж салығы | | 36,025,985 | 39,941,379 |
| Агенттік сату ақысы | | 91,324 | 97,966 |
| **Өткізу бойынша шығыстар жиыны** | | **117,911,753** | **128,283,006** |

## 21 Жалпы және әкімшілік шығыстар

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|---|
| Қызметкерлерге сыйақы | | 8,860,734 | 8,268,028 |
| Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері | | 1,800,113 | 1,676,897 |
| Тозу, сарқылу және амортизация | | 544,983 | 595,156 |
| Көлік шығындары | | 466,269 | 434,529 |
| Іс-шараларды өткізу жөніндегі қызметтер | | 281,663 | 260,593 |
| Консультациялық және аудиторлық қызметтер | | 240,816 | 213,989 |
| Табыс салығынан басқа салықтар | | 178,519 | 657,891 |
| Айыппұлдар мен өсімпұлдар бойынша шығыстарды (есептеу)/қалпына келтіру | | 149,081 | (1,416,716) |
| Демеушілік | | 115,613 | 603,061 |
| ККЗ бойынша резерві (қалпына келтіру)/есептеу | 9 | (162,283) | 104,352 |
| Басқалары | | 1,217,034 | 1,414,389 |
| **Жалпы және әкімшілік шығыстар жиыны** | | **13,692,542** | **12,812,169** |

## 22 Табыс салығы

Бір жылғы табыс салығы бойынша шығыстар былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **2025 ж.** | **2024 ж.** |
|---|---|---|
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы | 11,784,558 | 17,465,711 |
| Алдыңғы кезеңдердегі корпоративтік табыс салығын түзету | – | 869,880 |
| Ағымдағы үстеме табыс салығы | 134,331 | 259,838 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша резерві түзету | – | (3,710,606) |
| Үстеме пайда салығы бойынша резервті түзету | (1,413) | (357,643) |
| **Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар** | **11,917,476** | **14,527,180** |
| кейінге қалдырылған салық бойынша (үнемдеу)/шығыс | (2,865,839) | 2,368,579 |
| **Кейінге қалдырылған салық бойынша (үнемдеу)/шығыс** | **(2,865,839)** | **2,368,579** |
| **Табыс салығы бойынша шығыстар** | **9,051,637** | **16,895,759** |

Келесі кестеде Қазақстандағы табыс салығының мөлшерлемесін компанияның салық салуға дейінгі пайдаға салынатын тиімді салық мөлшерлемесімен салыстыру келтірілген.

| *Мың теңгемен* | **2025 ж.** | **2024 ж.** |
|---|---|---|
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | **39,132,588** | **84,288,180** |
| Табыс салығы бойынша шығыс | 9,051,637 | 16,895,759 |
| **Тиімді салық мөлшерлемесі** | **23%** | **20%** |
| Ресми мөлшерлеме бойынша табыс салығының шығыстары (20%) | 7,826,518 | 16,857,636 |
| Алдыңғы кезеңдердегі корпоративтік табыс салығын түзету | – | 869,880 |
| Белгіленген төлемдер бойынша шығыстар | 267,061 | 383,684 |
| Төлем көзінен алынатын салық | – | 689,161 |
| Шегерімге жатқызылмайтын шығыстар | 345,821 | 1,242,196 |
| Тау-кен бөлуден тыс аумақтарды рекультивациялау бойынша шығыстар | 477,906 | 661,613 |
| Ағымдағы үстеме табыс салығы | 134,331 | 259,838 |
| Алдыңғы кезеңдердегі корпоративтік табыс салығы бойынша резерві түзету | – | (3,710,606) |
| Алдыңғы кезеңдердегі үстеме пайда салығы бойынша резервті түзету | – | (357,643) |
| **Табыс салығы бойынша шығыс** | **9,051,637** | **16,895,759** |

Алдыңғы кезеңдердегі корпоративтік табыс салығы бойынша резервті түзету негізінен резервті танкерге тиегеннен кейін мұнайды тасымалдауға байланысты шығыстарды өтеу тәуекелі бөлігінде КТС қосымша есептеудің ықтимал тәуекелдеріне қайта есептеуді білдіреді.

## 22 Табыс салығы (жалғасы)

*КТС пен УПС жататын кейінге қалдырылған салық бойынша активтердегі өзгерістер былайша көрсетілген:*

| *Мың теңгемен* | Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер | Резервтер мен тарихи міндеттемелер | Салықтар | Басқасы | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|
| 2024 ж. 1 қаңтарға | (2,903,015) | 7,278,880 | 4,410,120 | 1,710,291 | 10,496,276 |
| Пайда мен залал құрамында танылды | (992,108) | (63,781) | (1,254,633) | (58,057) | (2,368,579) |
| **2024 ж. 31 желтоқсан** | **(3,895,123)** | **7,215,099** | **3,155,487** | **1,652,234** | **8,127,697** |
| Пайда мен зиян құрамында танылды | 937,375 | (233,312) | 951,224 | 1,210,552 | 2,865,839 |
| **2025 ж. 31 желтоқсан** | **(2,957,748)** | **6,981,787** | **4,106,711** | **2,862,786** | **10,993,536** |

## 23 Байланысты тараптармен мәмілелер

«Жалпы бақылау астындағы ұйымдар» санатына Бас компания мен ҚМГ ҰК бақылайтын ұйымдар кіреді. «Басқа да байланысты тараптар» санатына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақылайтын ұйымдар жатады. 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін байланысты тараптармен сатулар және сатып алулар және 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына байланысты тараптармен мәмілелер бойынша сальдо былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2025 ж. | 2024 ж. |
|---|---|---|---|
| **Тауарлар мен қызметтерді сату** | | | |
| ҚМГ ҰК жалпы бақылауындағы ұйымдар | | 240,720,439 | 280,746,652 |
| ҚМГ ҰК | | 171,394,267 | 153,374,455 |
| Сатылған мұнайға банк сапасы бойынша кірістер (ҚМГ ҰК жалпы бақылауындағы ұйым) | 18 | (552,981) | 520,457 |
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-ның жалпы бақылауындағы ұйымдар | | 1,092,066 | 221,933 |
| **Тауарлар мен қызметтерді сатып алу** | | | |
| ҚМГ ҰК жалпы бақылауындағы ұйымдар | | 48,127,627 | 35,653,679 |
| ҚМГ ҰК | | 4,063,085 | 7,730,168 |
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-ның жалпы бақылауындағы ұйымдар | | 742,204 | 866,226 |
| **Жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер** | | | |
| Директорлар кеңесінің мүшелері | | 28,667 | 33,044 |
| Саны | | 3 | 3 |
| Басқарма мүшелері | | 388,048 | 395,224 |
| Саны | | 7 | 12 |
| **Сауда және басқа да дебиторлық берешек** | | | |
| ҚМГ ҰК жалпы бақылауындағы ұйымдар | | 18,146,625 | 30,776,407 |
| ҚМГ ҰК | | 22,445,505 | 17,880,517 |
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-ның жалпы бақылауындағы ұйымдар | | 1,061,588 | 46,719 |
| **Берілген аванстар** | | | |
| ҚМГ ҰК жалпы бақылауындағы ұйымдар | | 2,839,858 | 3,106,198 |
| ҚМГ ҰК | | 322,874 | – |
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-ның жалпы бақылауындағы ұйымдар | | 1,589 | 338 |

## 23 Байланысты тараптармен мәмілелер (жалғасы)

| | | |
|---|---|---|
| **Сауда кредиторлық берешек** | | |
| ҚМГ ҰК жалпы бақылауындағы ұйымдар | 1,251,931 | 1,555,369 |
| ҚМГ ҰК | 7,874 | 394,461 |
| «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-ның жалпы бақылауындағы ұйымдар | 57,476 | 78,256 |
| **Басқа да айналымдағы қаржы активтері** | | |
| Ұлттық Банк ноттары | 1,000,000 | 1,016,698 |

***Сатулар және дебиторлық берешек***

Байланысты тараптарға сатулар шикі мұнай мен мұнай өнімдерін ҚМГ ҰК тобының кәсіпорындарына экспорттық және ішкі сатуды білдіреді. Байланысты тараптарға экспорттық сатулар 2025 жылғы шикі мұнайдың 987,293 тоннасын (2024 жыл: 1,059,077 тонна) құрады. Шикі мұнайды сату бағасы фрахт, трейдер маржасының құнына және сападағы айырмаға берілетін жеңілдікке түзетілген Platt's баға белгілеуіне сілтеме жасай отырып айқындалады. Экспортқа мұндай сатулар бойынша бір тоннаның орта бағасы шамамен 2025 жылы 241,625 теңге (2024 жылы 261,281 теңге) болды.

Сонымен бірге, Компания шикі мұнайды ішкі нарыққа Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес ҚМГ ҰК түпкі бақылаушы акционері болып табылатын ҚМГ ҰК бас компаниясы арқылы жеткізеді. Ішкі нарыққа жеткізу көлемі 2025 жыл үшін өндірілген шикі мұнайдың 1,812,916 тоннасын құрады (2024 жыл: 1,699,006 тонна). Ішкі нарықта өткізу бағалары ҚМГ ҰК-мен жасалған келісіммен айқындалады. 2025 жылы ішкі нарыққа жеткізілген мұнай үшін Компания бір тоннасы үшін орташа шамамен 94,310 теңге алды (2024 жылы: орташа шамамен 89,933 теңге).

***Сатып алу және кредиторлық берешек***

ҚМГ ҰК Компанияның шикі мұнайды экспортқа сату жөніндегі агенті болып табылады. Шикі мұнайды сатқаны үшін агенттік сыйақы 91,325 мың теңге болды (2024 жыл: 97,966 мың теңге). Каспий Мұнай құбыры Консорциумы көрсеткен тасымалдау қызметтерін Бас компания 147,393 тонна үшін 3,476,808 мың теңге сомада өтеп берді (2024 жылы: 381,842 тонна үшін 6,779,253 мың теңге).

## 24 Қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаттары мен саясаты

Компанияның қарыздар, сауда және басқа да кредиторлық берешек сияқты түрлі қаржылық міндеттемелері бар. Компанияның дебиторлық берешек, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттер және ақша қаражаты мен оның баламалары сияқты түрлі қаржы активтері бар.

Компания валюталық тәуекелге, кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және шикізат тауарларына бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыш келеді.

***Валюталық тәуекел***

Компанияның шетел валютасын айырбастау бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы, ең алдымен, Компанияның операциялық қызметіне жатады, өйткені өткізудің негізгі бөлігі АҚШ долларында деноминацияланған, ал барлық шығыстар теңгемен деноминацияланған, сондай-ақ шетел валютасында деноминацияланған инвестицияларға жатады.

## 24 Қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаттары мен саясаты (жалғасы)

Келесі кестеде Компанияның салық салынғанға дейінгі табысының (ақша активтері мен міндеттемелердің әділ құнындағы өзгерістердің салдарынан) АҚШ долларының айырбас бағамының мүмкін өзгерістеріне сезімталдығын талдау көрсетілген, әрі оның ықтималдылығын барлық басқа параметрлердің өзгермеуі талабымен (монетарлық активтер мен міндеттемелердің әділ құнының өзгеруі салдарынан) негізделген түрде болжауға болады.

| *Мың теңгемен* | **Теңге бағамының АҚШ доллары бағамына қатысты өсуі / (төмендеуі)** | **Салық салынғанға дейін пайдаға әсері** |
|---|---|---|
| **2025 ж.** | | |
| АҚШ доллары | +8.84% | 10,261,382 |
| АҚШ доллары | (8.84%) | (10,261,382) |
| **2024 ж.** | | |
| АҚШ доллары | +14.15% | 17,144,547 |
| АҚШ доллары | (14.15%) | (17,144,547) |

### *Кредиттік тәуекел*

Компания өзінің дебиторлық берешегіне орай кредиттік тәуекелге ұшырағыш келеді. Сатудың үлкен бөлігін Компания ҚМГ ҰК үлестес кәсіпорнына жүзеге асырады және Компанияның соған қатысты дебиторлық берешек бойынша тәуекелдің айтарлықтай шоғырлануы бар (9-ескертпе). Дебиторлық берешектің қосымша елеусіз үлесі біртекті топтар бойынша бөлінген және жиынтық негізде құнсыздану мәніне үнемі бағаланып отырады, соның нәтижесінде Компанияның үмітсіз берешек бойынша тәуекелі елеусіз болып табылады.

Компания сондай-ақ өзінің инвестициялық қызметінің нәтижесінде кредиттік тәуекелге ұшырағыш келеді. Компания, негізінен, салымдарды қазақстандық банктерге орналастырады. Қаржы мекемелеріндегі шоттарда қалған қалдықтармен байланысты кредиттік тәуекелді Компанияның қазынашылық департаменті Бас компанияның ақша қаражатын басқару саясатына сәйкес бақылап отырады. Компанияның қаржы мекемелерінің дефолтынан туындайтын кредиттік тәуекелге сезімталдығының ең үлкен мөлшері бұл қаржы активтерінің баланстық құнына тең болады.

Келесі кестеде өзгеше көрсетілмеген жағдайларды қоспағанда, «Standard and Poor's» және «Moody's» кредиттік рейтингтерінің белгілеулері пайдаланыла отырып, есептік күндегі өзге қаржылық активтер мен ақша қаражаты және олардың баламаларының қалдықтары көрсетілген.

| | | | **Рейтинг*** | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Мың теңгемен | **Орналасқан жері** | **Рейтинг агенттігі** | **2025 ж. 31 желтоқсан** | **2024 ж. 31 желтоқсан** | **2025 ж.** | **2024 ж.** |
| **Банктер** | | | | | | |
| «Қазақстан Халық банкі» АҚ | Қазақстан | «Standard and Poor's» | BBB- (теріс) | BB+ (тұрақты) | 76,550,574 | 75,871,486 |
| «Alatau City Bank» АҚ | Қазақстан | «Moody's» | Ba2 (позитивті) | Ba3 (позитивті) | 15,699,251 | 31,380,387 |
| «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ | Қазақстан | «Standard and Poor's» | B+ (тұрақты) | B+ (с тұрақты) | 10,474,030 | 2,047,816 |
| | | | | | **102,723,855** | **109,299,689** |

* дереккөзі: тиісті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктер мен рейтингтік агенттіктердің ресми сайттары.

### *Өтімділік тәуекелі*

Компания ағымдағы өтімділікті жоспарлау құралын пайдалана отырып өтімділік тәуекелін бақылайды. Осы құралдың көмегі арқылы қаржылық инвестициямен және қаржы активтерімен байланысты төлем мерзімі (мысалы, дебиторлық берешек, басқа да қаржы активтері), сондай-ақ операциялық қызметтен болатын болжамды ақша ағымдары талданады.

Жергілікті банктерде қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді салымдарды пайдалану арқылы қаржыландырудың үздіксіздігі мен икемділігі арасындағы балансты қолдау Компанияның мақсаты болып табылады.

## 24 Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты (жалғасы)

Келесі кестеде Компанияның 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық міндеттемелерін өтеу мерзімдері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдердің негізінде ақпарат көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | Талап етілгенге дейін | 3 айдан кем | 3 -12 ай | 1 жыл – 5 жыл | 5 жылдан астам | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2025 ж. 31 желтоқсанға** | | | | | | |
| Тарихи міндеттемелер | – | 974,880 | 808,569 | 4,312,369 | 1,078,092 | 7,173,910 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 32,176,113 | – | – | – | – | 32,176,113 |
| | **32,176,113** | **974,880** | **808,569** | **4,312,369** | **1,078,092** | **39,350,023** |

| *Мың теңгемен* | Талап етілгенге дейін | 3 айдан кем | 3 -12 ай | 1 жыл – 5 жыл | 5 жылдан астам | Жиыны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **2024 ж. 31 желтоқсанға** | | | | | | |
| Тарихи міндеттемелер | – | 352,926 | 1,058,777 | 5,279,417 | 2,515,022 | 9,206,142 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | 25,341,061 | – | – | – | – | 25,341,061 |
| | **25,341,061** | **352,926** | **1,058,777** | **5,279,417** | **2,515,022** | **34,547,203** |

***Шикізат тауарларына бағалардың өзгеру тәуекелі***

Компания халықаралық нарықтарда АҚШ долларында бағасы белгіленетін шикі мұнайға бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыш. Компания, шикі мұнайдың келешектегі бағасының түрлі деңгейлеріне қатысты сезімталдықты талдауды қоса алғанда, жыл сайынғы бюджеттерді және мерзімді болжамдарды дайындайды.

***Капиталды басқару***

Капиталға Компанияның барлық меншікті капиталы жатады. Капиталды басқаруға қатысты Компанияның негізгі мақсаты кредитті тұрақты өтеп отыру қабілетін және Компанияның қызметін жүргізу мен стратегиялық мақсаттарға қолжеткізу үшін капиталдың жеткіліктігін қамтамасыз ету болып табылады.

2025 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның тұрақты қаржылық жағдайы және консервативтік капитал құрылымы болды. Бұдан әрі, Компания капитал құрылымын қолдауға ниет білдіріп отыр, бұл оған икемділік беріп, олардың пайда болу шамасына қарай өсу мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Компания капиталдың құрылымын басқарады және экономикалық жағдайдың өзгеруіне сәйкес оны өзгертеді. Компания капитал құрылымын сақтау және өзгерту мақсатында дивидендтерді төлеу мөлшерін реттей алады, акционерлерге капиталды қайтара алады және жаңа акцияларды шығара алады. 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсанына аяқталған жылдар үшін мақсаттарға, саясатта және капиталды басқару процестеріне өзгерістер жасалған жоқ.

*Аудиторларға сыйақы*

2025 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Компанияның аудитіне арналған қызметтердің құны ҚҚС-пен бірге 76,942 мың теңгені құрады.

## 25 Қаржы құралдары

Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны олардың баланстық құнына тең.

Ақша қаражаты мен ақша қаражатының баламаларының әділ құны, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталары 13 ХҚЕС (IFRS) сәйкес әділ құн иерархиясының 2-деңгейіне жіктеледі, өйткені ол бақыланатын кіріс деректерін, атап айтқанда қысқа мерзімді ақша ағындарын дисконттау кезінде пайдаланылатын нарықтық пайыздық мөлшерлемелер мен курстарды қолдануға негізделген.

2025 және 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдары қаржы құралдарының әділ құнының 1, 2 және 3 деңгейлері арасында ауысулар болған жоқ.

## 26 Шарттық және шартты активтер мен міндеттемелер

***Саяси және экономикалық ахуал***

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымды дамыту жалғасуда. Қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ үкімет экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

***Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері***

Қазақстанның үкіметі мұнай өндіруші компанияларды жергілікті энергетикалық мұқтаждықтарды қанағаттандыру үшін өндірілген шикі мұнайдың бір бөлігін ішкі нарыққа жеткізуге міндеттейді.

2016 жылғы 1 сәуірден бастап Компания «ҚазМұнайГаз Қайта өңдеу Маркетинг» АҚ-на шикі мұнайды сатуды тоқтатты және Бас компанияға мұнайды сатты. 2018 жылғы 1 шілдеден бастап Компания шикі мұнайды ҚМГ ҰК-ға мұнайды сатып алу туралы шарттың негізінде сата бастады.

Егер Үкімет қазіргі уақытта Компания жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Компания қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

***Салық салу***

Қазақстан Республикасының салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырағыш келеді және түрлі талқылауларға жол береді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС-тің түсімге, шығыстарға және қаржылық есептіліктің басқа да баптарына қатысты тәсілі жөніндегі пікір. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатаңдығымен ерекшеленеді. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2025 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Компания басшылығы оның салық заңнамасын түсіндіруі орынды болып табылады және Компанияның салық позициясына қатысты жол берілетін негіздері бар деп есептейді.

2021 жылдан бастап Компания ҚР СК 258, 259-баптарына сәйкес КТС мақсаттары үшін геологиялық барлау шығыстарының амортизациясын есептен шығару тәсілін қайта қарады. Сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған кейбір келісімшарттар бойынша тарату депозиттерінің салымдарын / алуын есептен шығару тәсілі қайта қаралды. Компания басшылығы жалпы және жанама кірістер мен шығыстар бойынша дұрыс емес жіктелу тәуекелін төмен деп бағалайды.

## 26 Шарттық және шартты активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

*Экспорттық мәмілелер бойынша салық салу*

Қазақстан Республикасының «Трансферттік баға белгілеу туралы» Заңына сәйкес халықаралық іскерлік операциялар, сондай-ақ мәміле тараптарының өзара байланысына немесе мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу дәрежесіне қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жекелеген мәмілелер трансферттік баға белгілеу («ТББ») мақсатында мемлекеттік бақылауға жатады. Нарықтық бағаны айқындау кезінде дифференциалдың құрамдас бөліктері құжаттамамен немесе тиісті ақпарат көздерімен расталуы тиіс.

2025 жылы, алдыңғы кезеңдердегідей, Компания мұнайды «ҚМГ» ҰК тобына кіретін байланысты тараптың пайдасына экспорттады. Трансферттік баға белгілеу туралы Заң талаптарына сәйкес уәкілетті органдар мәміле қатысушыларынан, мемлекеттік органдардан және үшінші тұлғалардан нарықтық бағаны және дифференциалды айқындау үшін қажетті ақпаратты, сондай-ақ трансферттік баға белгілеу («ТББ») бойынша бақылау жүргізу үшін өзге де деректерді сұратуға құқылы.

2025 жылғы дифференциалдың мөлшерін растайтын экспорттық операциялар бойынша бастапқы құжаттаманың түпнұсқаларын қоса алғанда, барлық қажетті құжаттарды толық көлемде және «Трансферттік баға белгілеу туралы» ҚР Заңының қолданыстағы талаптарына сәйкес салықтық тексеру басталғанға дейін жинақтауды мұнайды өткізу агенті болып табылатын ҚМГ ҰК жүзеге асырады. Компания басшылығы құжаттардың болмауы себебімен салық салу объектілерін түзетуге байланысты тиісті салық міндеттемелерін, өсімпұлдар мен әкімшілік айыппұлдарды қосымша есептеу тәуекелі елеусіз болып табылмайды деп есептейді.

*Экологиялық әсер*

Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде болғандықтан, тұрақты түрде өзгерістерге ұшырайды. Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзғаны үшін салынатын айыппұлдар елеулі болуы мүмкін. Компания басшылығы Компанияның қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне және ақша қаражатының қозғалысына елеулі және теріс әсер етуі мүмкін ықтимал экологиялық міндеттемелердің жоқ екендігін есептейді.

*Мердігерден түскен талаптар*

«2022 жылғы қыркүйекте Компания мен «Рем Монтаж» ЖШС (бұдан әрі – Мердігер) арасында «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның Ю.В. Новобогат кен орнында ілеспе мұнай газынан электр энергиясын өндіруді процессингтеу бойынша жұмыстарды орындауға арналған, құны қосылған құн салығын қоса алғанда 5 345 307 мың теңгені құрайтын және қолданылу мерзімі 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленген шарт жасалды. Алайда 2022 жылғы қыркүйекте Компания экономикалық тұрғыдан орынсыз болуына байланысты шартты және оған байланысты барлық міндеттемелерді орындаудан біржақты бас тарту туралы Мердігерге хабарлама жолдады. 2025 жылғы 19 мамырда Мердігер Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына Компанияға қарсы 2022 жылғы 1 қыркүйектегі шартты біржақты бұзуды заңсыз деп тану туралы талап арызбен жүгінді. Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 22 тамыздағы шешімімен Мердігердің талабы қанағаттандырылып, Компанияның шартты біржақты бұзу жөніндегі әрекеттері заңсыз деп танылды. 2025 жылғы 24 қыркүйекте Мердігер Компаниядан 269 406 мың теңге өндіру туралы талап арыз беріп, кейіннен жіберілген пайданы ескере отырып, талап арыз сомасын жалпы 3 817 807 мың теңгеге дейін ұлғайту туралы өтініш тапсырды. Қазіргі уақытта талап қоюшы ұсынған, талап арыз сомасын ұлғайтуға байланысты қосымша құжаттар зерделенуде. Компания басшылығы осы талап бойынша қосымша ақша қаражатының шығу ықтималдығын орташа деңгейде деп бағалайды, осыған байланысты 2025 жылғы 31 желтоқсанға аталған міндеттеме бойынша резерв қалыптастырылған жоқ.

*Мұнай кен орындарына арналған лицензиялар*

Компания жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар мен тиісті келісімшарттардың талаптарын орындауға қатысты мемлекеттік органдардың тарапынан мерзімді тексерулердің объектісі болып табылады. Басшылық мұндай тексерулердің барысында анықталған мәселелерді шешуге қажетті түзету шараларын келісу бойынша мемлекеттік органдармен ынтымақтасады. Лицензияда қамтылған ережелерді орындамау айыппұлдарға, өсімпұлдарға, шектеуге, лицензияның тоқтата тұрылуына немесе қайтарылып алынуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Компанияның басшылығы келісімшарттардың немесе лицензиялардың талаптарын орындамауға қатысты кез келген мәселелер келіссөздер немесе түзеу шаралары арқылы шешіледі және Компанияның қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысына айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Компанияның мұнай мен газдың кен орындары Атыраудың облыстық әкімшілігіне тиесілі жерде орналасқан. Лицензияларды Қазақстан Республикасының Мұнай және Газ Министрлігі берді және Компания осы кен орындарында мұнай мен газды барлау және өндіру үшін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты және үстеме пайдаға салынатын салықты төлейді.

## 26 Шарттық және шартты активтер мен міндеттемелер (жалғасы)

Компанияның негізгі лицензиялары және олардың жарамдылық мерзімі келесі кестеде келтірілген:

| Келісімшарт | Келісімшарт нөмірі | Қолданылу мерзімінің аяқталу күні | Келісімшарт түрі |
|---|---|---|---|
| Кенбай | № 37 | 2041 | Өндіру |
| Оңтүстік Шығыс Новобогат | № 61 | 2048 | Өндіру |
| 23 кен орны | № 211 | 2037 | Өндіру |
| 15 кен орны | № 413 | 2043 | Өндіру |
| Тайсойған | № 327 | 2035 | Өндіру |
| Батыс Новобогат | №4955 | 2027 | Өндіру |
| Каратон-Сарқамыс | № 3577 | 2048 | Өндіру |
| Новобогат Оңтүстік Шығыс (карниз үсті) | № 4906 | 2051 | Өндіру |
| Тайсойған -1 | №5134 | 2028 | Барлау |
| Тайсойған -2 | №5135 | 2028 | Барлау |

*Мұнай кен орындарына лицензиялар бойынша келісімшарттық міндеттемелер*

| Жыл | Күрделі шығыстар | Операциялық шығыстар |
|---|---|---|
| 2026 | 63,846,902 | 2,566,482 |
| 2027 | 1,189,446 | 2,231,181 |
| 2028 | 191,172 | 2,129,365 |
| 2029 | – | 2,126,684 |
| 2030-2051 | – | 7,600,132 |
| **Жиыны** | **65,227,520** | **16,653,844** |